



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

Мемлекет басшысы БАӘ-нің Қазақстандағы елшісі Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Арикиді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада өткен ШЫҰ саммитіне Біріккен Араб Әмірліктерінің өкілді делегациясының қатысқаны үшін алғыс айтты.

Мемлекет басшысы еліміз БАӘ-мен көпжақты ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән беретінін атап өтті.

Кездесуде бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген сауда-экономика және инвестиция салаларындағы уағдаластықтарды жүзеге асыру

барысы талқыланды. Сондай-ақ Қазақстан мен БАӘ арасындағы стратегиялық инвестициялық жобалар туралы бірлескен декларация аясындағы жұмыстарды жалғастыру қажет екеніне назар аударылды.

Сонымен қатар энергетика және көлік-логистика, ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект салаларындағы ынтымақтастық перспективалары қарастырылды.

ӘЛЕМІ БӨЛЕК ӘЛЕМ

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды бейімдеу – өзекті және өте күрделі мәселе. Ал инклюзивті білім беруді дамыту одан да қиын. 2021 жылы Мемлекет басшысы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойған еді. Бұл заң қабылданғанға дейін Президент елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны артып келе жатқанын және осындай оқу ұйымдарының жұмыс істеуі бойынша қолданыстағы барлық норма ескіргеніне назар аударған еді.

(Жалғасы 8-9-бетте)



ЕУРОДА ЖАРҚЫРАҒАН ЖҮЛДЫЗДАР

Биыл Германияда өткен Еуропа чемпионатының жөні бөлек. Неге десеңіз, сіз бен біз бірінен-бірі өткен жас таланттармен таныстық. Байқасақ, жақында кейбірі «мекенжайын» ауыстырып, топ-клуб сапында доп тебеді.

» 16

Қазанат, сені сақтадым!

Қазақ «Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек, жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек» деп тегін айтпаса керек-ті. Махамбет жырау: «Арғымақтан туған қазанат, Қазанаттан туған қазмойын» деп жырласа, зерттеушілердің үе-жіне жүгінсек, «Қазан» деген сөз бір жағынан «үлкен» деген мағына беріп, екіншіден қасиетті әрі тума деген ұғымды жеткізіп тұр. Яғни, асылтұқымды. Осы мақаламызда асылтұқымды отандық жылқылар туралы сөз етпекпіз. Бұған себеп – күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақтың жылқы тұқымын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша заңға қол қойғаны.



» 5

ҚАЗАҚСТАНҒА АЛИМЕНТ ҚОРЫ ҚАЖЕТ ПЕ?

Елде үш жүз мыңға жуық ана мен әке алимент даулап жүр. Демек, осыған жетеғабил көкек адам оны төлеуден қашып жүр. Алименттер бойынша қарыз былтырдың өзінде 21 миллиард теңгеден асыпты. Проблема ауқымын осыдан аңғаруға болады. Сарапшылар мен депутаттардың байламынша, мемлекет араласып, бір шара қабылдаса, түйткіл тек ушыға береді. Сондықтан үкіметтік жұмыс тобы жаңа институтты – Алимент қорын құру мәселесін пысықтауға кірісті.

» 6



ЖАҢА ЗАҢҒА БАСТАМАШЫ БОЛДЫ

Қазақстан Сенаты ТМД ПАА аясында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы заңға бастамашы болды.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Ресейдің Санкт-Петербург қаласында өткен Х БРИКС Парламенттік форумына қатысты. Екі күнге жалғасатын форум аясында халықаралық қатынастар жүйесінің тиімділігін арттыру, көпжақты сауда жүйесін нығайту, жаһандық дағдарыстардың салдарына қарсы тұру мәселелерінде Парламенттердің рөлі, сондай-ақ гуманитарлық және мәдени салаларда парламентаралық ынтымақтастықтың келешегі талқыланып жатыр.

Мәулен Әшімбаев кездесуге қатысушыларға ілтипат білдіріп, аталған форум әлем елеулі сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырған кезеңде өтіп жатқанына назар аударды. Бүгінде экономикалық және климаттық дағдарыстардың салдарынан геосаяси шиеленіс одан әрі ұшығып тұрғаны белгілі. Қазақстан Парламенті Сенатының Спикері осындай жағдайда текетіресті азайту және әлемде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін тиімді шешімдер табу маңызды міндет екенін атап өтті.

«Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қасаң дүниетаным стереотиптерін енсеру және ашықтық пен сындарлы ынтымақтастық негіздерін нығайту қажеттігін үнемі айтып келеді. Қазақстан қауіпсіз және теңгерімді әлем құруға арналған тың тәсілдер ұсынатын БРИКС сияқты маңызды халықаралық ұйымдармен серіктестікті одан әрі арттыруды белсенді түрде қолдайды. Бұл ұстаным Қазақстанның халықаралық және өңірлік тұрақтылықты нығайтуға бағытталған саясатымен үндес», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы сенім дағдарысын енсеру және халықтар мен мемлекеттер арасындағы байланыстарды одан әрі нығайту ісінде парламентаралық дипломатияны барынша тиімді пайдаланудың маңыздылығына тоқталды. Осыған байланысты Мәулен Әшімбаев парламентаралық өзара іс-қимылдың бірқатар негізгі бағытын атап өтті.

Сонымен қатар Палата Спикері өз сөзінде Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуде парламентаралық өзара іс-қимыл маңызды рөл атқаратынын тілге тиек етті. Ол бұл бағыттағы жұмысты одан әрі арттыру үшін Қазақстанда Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссия құрылғанын айтты.

«Орнықты даму бағытында парламентаралық диалог орнату үшін арнайы платформа құруды ұсынамыз. Мұндай бастама БРИКС және ТМД елдерінің Парламенттеріне Ор-



нықты даму мақсаттарына қол жеткізу жолында бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Өзара іс-қимылдың тағы бір перспективалық бағыты — ғылым, жаңа технологиялар мен инновациялар саласы. Бұл сала біздің елдеріміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда айрықша мәнге ие және экономикалық өсудің маңызды факторы екені анық», — деді Сенат Төрағасы.

Парламентаралық іс-қимылды жандандыратын келесі бағыт — цифрлық ынтымақтастықты нығайту. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, киберқауіпсіздік, деректерді қорғау, электрондық коммерция саласындағы заңнаманы жетілдіру бағыттарында депутаттардың бірлесіп жұмыс істеуі және цифрлық бағытты реттеу секторында тәжірибе алмасу ерекше маңызға ие.

Форум жұмысына Әзербайжан, Армения, Беларусь, Бразилия, Мысыр, Үндістан, Иран, Қытай, Қырғызстан, БАӘ, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Эфиопия және Оңтүстік Африка Парламенттерінің өкілдері қатысты. Іс-шара кезінде Ресей президенті Владимир Путин сөз сөйлеп, форумға қатысушыларға ілтипат білдірді.

Сонымен қатар бүгін форум аясында Мәулен Әшімбаев шетелдік әріптестерімен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді. Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаевамен кездесуде екі елдің парламентаралық байланыстарын дамыту перспективасы және өңірлік ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, тараптар «Орталық Азия — 2040» стратегиясын іске асыру аясындағы бірлескен жұмыс туралы пікір алмасты.

Одан бөлек, Сенат Спикері Иран Мәжілісінің Төрағасы Мохаммед-Багер Галибафпен кездесіп, екі елдің парламентаралық ынтымақтастығын нығайту барысына тоқталды. Мәулен Әшімбаев Қазақстан мен Иран арасындағы

қарым-қатынас көптеген салада қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Бүгінде өзара сындарлы саяси диалог жолға қойылды, берік шарттық-құқықтық база қалыптасты. Экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстар да нығайып келеді. Осыған байланысты тараптар екі мемлекеттің Парламенттері арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүдделі екендерін білдірді.

Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған депутаттар ТМД елдерінің Парламенттік Ассамблеясы Кеңесінің отырысына да қатысты. Шара ба-

сінің отырысы өтті. Іс-шарада депутаттар Әзербайжан мен Ресейде өткен кезектен тыс президент сайлауына және Беларусьтағы Парламент сайлауына Ассамблеядан қатысқан байқаушылардың жұмыс нәтижелерін қарады. Одан бөлек, Өзбекстан мен Әзербайжанда өтетін Парламент сайлауына дайындық барысы пысықталды.

Кеңес отырысында ТМД-да модельдік заң шығарудың 2023-2025 жылдарға арналған перспективалық жоспары да қаралды. Палата Спикері Мәулен Әшімбаевтың тапсырмасымен Қазақстан Парламентінің Сенаты аталған жоспарға отбасы-



Парламентаралық іс-қимылды жандандыратын келесі бағыт — цифрлық ынтымақтастықты нығайту.

Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, киберқауіпсіздік, деректерді қорғау, электрондық коммерция саласындағы заңнаманы жетілдіру бағыттарында депутаттардың бірлесіп жұмыс істеуі және цифрлық бағытты реттеу секторында тәжірибе алмасу ерекше маңызға ие.



рысында Достастық елдерінің депутаттары халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылап, ТМД ПАА-ның 2023 жылғы жұмысын қорытындылады.

Х БРИКС Парламенттік форумының екінші күні кеңейтілген форматтағы пленарлық отырыстың сессиясымен ашылды. Онда қатысушылар көпжақты сауда жүйесінің бөлшектенуіне қарсы іс-қимыл мәселелерін және жаһандық дағдарыстардың салдарынан туындайтын сын-қатерлерді енсеру кезіндегі Парламенттердің рөлін талқылады. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық саладағы парламентаралық ынтымақтастықты нығайту барысына назар аударды.

Сонымен қатар бұл күні Санкт-Петербургте ТМД Парламентаралық Ассамблеясы Кеңе-

лық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы модельдік заң әзірлеуді қосу жөнінде ұсыныс жасады. Қазақстандық сенаторлардың бұл бастамасына ТМД ПАА-дағы әріптестері қолдау білдіріп, біздің мемлекеттің заңнамалық жұмыстағы оң тәжірибесіне назар аударды.

«Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылды заңнамалық тұрғыдан реттеу және оның алдын алу бағытында Қазақстанның айтарлықтай тәжірибесі бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биыл сәуір айында әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауды арттыруға арналған заң қабылданды. Сондықтан Қазақстан Парламентінің Сенаты

ТМД елдері үшін модельдік заң әзірлеу туралы бастама көтерді. Осы жылдың соңына дейін Сенат тиісті заңнамалық актінің жобасын Парламентаралық Ассамблеяның қарауына енгізеді. Аталған модельдік заңды ТМД елдерінің Парламент депутаттары өздерінің заң шығару қызметінде пайдалана алады», — деді Сенат Спикері.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев сапар аясында бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Бүкілқытайлық халық өкілдерінің жиналысы Тұрақты комитетінің Төрағасы Чжао Лэцзимен сұхбат кезінде Палата Төрағасы Қазақстан-Қытай қарым-қатынасын жоғары бағалап, екі елдің байланысына ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің жақында Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары және оның Астанадағы ШЫҰ саммитіне қатысуы тың серпін бергенін айтты. Мәулен Әшімбаев атап өткендей, Мемлекет басшылары қол қойған бірлескен мәлімдеме жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайта түсті.

Сонымен бірге Сенат Спикері Ресей Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрағасы Валентина Матвиенкомен кездесті. Онда Мәулен Әшімбаев Х БРИКС Парламенттік форумы халықаралық деңгейде маңызды бастамаларды ілгерілетуге ықпал ететініне сенім білдірді. Тараптар екі мемлекеттің қарым-қатынасы барлық бағыт бойынша серпінді дамып келе жатқанын да тілге тиек етті. Атап айтқанда, өнеркәсіп, ғылым, ауыл шаруашылығы, көлік, туризм, білім беру және өңіраралық өзара іс-қимыл саласындағы бірлескен жобаларды әрі қарай арттыруға мүдделі екендерін танытты.

Үндістан Халық палатасының Спикері Ом Бирламен кездесу барысында мемлекеттер арасындағы берік экономикалық және мәдени байланыстар, сондай-ақ парламентаралық ынтымақтастықты жандандыру мәселелері сөз болды. Одан бөлек, сұхбаттасушылар Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі аясында рухани дипломатияны дамыту барысына тоқталды.

Мәулен Әшімбаев Қырғыз Республикасы Жоғорку Кеңешінің Төрағасы Нұрланбек Шакиевпен де кездесті. Диалог кезінде бауырлас халықтар арасындағы қарым-қатынастың жан-жақты сипатына баса мән берілді. Сенат Төрағасы мұндай тығыз ынтымақтастық мемлекет басшыларының өзара сенім мен достыққа негізделген байланысының нәтижесі екенін, бұл екіжақты байланыстарға маңызды серпін бергенін айтты. Кездесу кезінде тараптар ТүркПА аясындағы ынтымақтастық пен ортақ міндеттерге және Ассамблеяның Өзбекстанда өтетін алдағы отырысына да назар аударды.

Күштік құрылым өкілдерімен кездесті

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Бақтықожа Ізмұхамбетов жұмыс сапарымен Атырау облысына барып, өңірдегі әскери бөлім құрамымен, полицейлермен және Төтенше жағдайлар жөніндегі департамент қызметкерлерімен кездесті.



Кездесу барысында депутат әскери бөлімнің жеке құрамымен, олардың материалдық-техникалық жабдыкталуымен және әскери қызметшілердің жағдайымен танысты.

Одан соң мәжілісмен облыстық полиция департаментінің қызметкерлерімен жүздесті. Онда қала аумағындағы қоғамдық тәртіп, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, қызметкерлердің ой-пікірін тыңдады. Бақтықожа Ізмұхамбетов полицияның қоғамдағы рөлін ескере келе, тәртіп сақшыларына да мемлекет тарапынан әлеуметтік және құқықтық қолдау қажет екенін атап өтті.

«Қауіпсіз мемлекетті құру — мемлекеттік саясаттың негізгі ұстанымдарының бірі. «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасына сәйкес, біз құқық қорғау органдары қызметкерлерін құқықтық және әлеуметтік қорғауды

арттыру жөнінде кешенді шара қабылдауды жалғастырамыз. Полиция қызметі тиімді, есеп беруге міндетті саналып, қазақстандықтардың қажеттілігін өтеуге тиіс. Кәсібилік, имандылық пен адамгершілік полиция қызметкерінің ізгі қасиеттеріне айналуы керек», — деді ол.

Сонымен қатар Мәжіліс депутаты өңірдегі Төтенше жағдайлар департаментінің жеке құрамымен кездесті. Жиын барысында халық қалаулысы №13 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің материалдық-техникалық жабдыкталуымен танысты. Кейін жеке құраммен кездесіп, оларды толғандыратын мәселелерді тыңдап, Парламент қабырғасында атқарылып жатқан жұмыстар мен жанадан қабылданған заңдар туралы ақпарат берді. Сондай-ақ басқосуда жеке құрамның біліктілігін арттыруға және жұмыс жағдайларын жақсартуға қатысты мәселелер талқыланды.

«ТАЗА БЕЙСЕНБІ»: су айдындары қоқыстан тазартылды

Еліміздің барлық өңірінде «AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» акциясы жалғасуда. Ол жаңа экологиялық сана қалыптастырып, азаматтардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруды көздейді.



Акция Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында өтуде. Биылғы 6 маусымнан бастап партиялықтар жол бойындағы учаскелер, өнеркәсіптік аймақтар, тұрғын аудандар, әлеуметтік нысандар сынды түрлі аумақтарды қоқыстан тазартуда. Өткен аптадан бастап белсенділер жағалау аймақтарын, жайылмалар мен өзен арналарын, көлдер мен су айдындарының айналасын тазартуға күш салуда.

Мәселен, елордада партия мүшелері мен «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері Қарасу өзенінің айналасындағы аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазартты.

«2 сағатқа жетер-жетпес уақытта 4 қап қоқыс жинадым. Қоршаған ортаның жай-күйіне немқұрайлы қарайтын демалушылар пластикалық бөтелкелерді, қаптамаларды, алюминий банкаларды, тіпті батареяларды да қалдырып кетеді. Ал бұл қоқыс жүздеген жыл бойы топырақты улап, суды ластайды. Курстастарымызбен бірге әр апта сайын акцияға қатысуға тырысамыз. Себебі бұл — менің туған қалам. Оның таза болғанын қалаймын», — деді волонтер Рамазан Еркінбек.

Алматыда партиялықтар Казачка өзенінің жағалауын тазалады. Белсенділер шамамен 1 тонна қоқыс жинады. Акцияға мегаполис тұрғындары да белсенді түрде атсалысып, табиғатқа жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Ал Жетісу облысында «AMANAT» партиясының мүшелері Ақсу ауданына барып, Балқаш көліне құятын Ақсу өзенінің бойын қоқыстан

тазартты. Барлық шыны, қағаз, пластик және металл қалдықтары қайта өңдеуге жіберіледі.

«Өкінішке қарай, кей азаматтар жауапкершілікті сезінбей, өздерінен кейін қоқыс қалдырып кетеді. Осы себептен бұл жерлер қоқыс төгетін орындарға айналды. Біз тек оны жинап қана қоймай, осы акция арқылы аудан тұрғындарын тазалық мәдениетін сақтауға шақырамыз. Қоршаған ортаны қорғау — тек бірге шеше алатын мәселе», — деді Жетісу облысының мәслихат депутаты Данияр Ахмолдаев.

Түркістан облысындағы партия мүшелері де игі істен шет қалмады. Бүгін «Денсаулық» бастапқы партия ұйымының мүшелері Бәйдібек ауданындағы Шаян өзенінің жағасын тазалауды ұйымдастырды. Оларға қоршаған ортаға бейжай қарамайтын жастар мен жақын мандағы ауыл тұрғындары да қосылды.

«Қаратау тауларының етегінен бастау алатын Шаян өзені — жартылай шөлейт аудандағы жалғыз бұлақ көзі. Өзен мен оның жағасының қоқыспен ластануы үлкен экологиялық апатқа әкеліп, барлық тіршілік иелеріне орны толмас зиян келтіреді», — деді ақсақал Қанат Қайыркен.

Ұқсас іс-шаралар елдің басқа өңірлерінде де өтті. Бұл тек қоқыс жинау ғана емес, әр учаскеге мәслихат депутаттары, белсенділер мен бастапқы партия ұйымдарының басшылары бекітілген. Олар сол учаскелерде тәртіп пен тазалықты қамтамасыз етеді, сондай-ақ қоқыс жәшіктерін орнату, аумақтарды көгалдандыру, жолдар мен тротуарларды жөндеу сияқты инфрақұрылымды жақсарту мен дамыту мәселелерін шешеді.

Тасқын Атырау өзен портына қалай әсер етті?

Атырау портты қала екенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Бірақ мұнайлы өңірдегі жалғыз порт бірнеше жылдан бері банкроттың аз-ақ алдында тұр.

Баян ЖАНҰЗАҚ

Наурыз басталғалы бері Атырауды әбігерге салған су тасқыны порт өміріне қалай әсер етті? Біз осы сұрақтың жауабын Атырау өзен порты серіктестігінің директоры Азамат Зұлқарнаевтан барып білдік.

Биыл Жайыққа мол судың келуі Өзен портының өміріне айтарлықтай әсер ете алмаған болып шықты. Азамат Зұлқарнаевтың айтуынша, порт жүктерді әлі де қабылдай алмай отыр. «Рас, Жайықтағы су деңгейі артты. Бірақ «Жайық-Каспий» каналының тамағы жүк кемелері қозғала алатындай стандарттарға сай әлі де тереңдетілуі керек», — дейді спикер.

«Рас, үлкен су келуіне байланысты, Жайық өзенінің Каспий теңізіне құйылатын тұсында қазу жұмыстары жасалды. Бірақ ол жұмыстар Жайықтағы судың бағытын теңізге қарай бұру мақсатында ғана жасалды. Біздің алаңсыз жүк тасымалдауымыз үшін теңіз тамағының бойына түп тереңдету жұмыстарын жасау маңызды», — дейді

Атырау өзен порты серіктестігінің директоры Азамат Зұлқарнаев.

Өзен порты өкілінің айтуынша, теңіз тамағының тереңдігі кемінде 2-2,5 метр болуы керек. Сол кезде порт жүк қабылдап, жүк тасымалдау жұмыстарын жүргізе алады. Сондай-ақ теңіз тамағын тереңдету жұмыстары атқарылады деген жоспар бар. Жобалық-сметалық құжаттама, қаржы бөлу, мердігер компанияны анықтау деген сияқты формалды жұмыстар кемінде бір жыл уақыт алуы мүмкін. «Дегенмен қазірдің өзінде Атыраудағы логистикалық компаниялар шет мемлекеттерге жүк тасымалдауға дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр. Яғни, теңіз тамағы тереңдетіліп, порт жұмысына кіріскен кезде, жүк қандай бағытта қалай тасымалданады деген мәселелер бойынша логистикалық компаниялар арнайы маршрутты дайындауда. Атырау облысы өндірістік аймақ болғандықтан, порттың қызметін негізінен мұнай-газ бағытындағы логистикалық компаниялар қолдануға ниетті», — дейді А.Зұлқарнаев.

Сайып келгенде, су жолы ашылғаннан кейін жүктер келе бастайды. Өзен порты бұрынғыша жұмысын жалғастырады деген үміт бар. Қазірдің өзінде жұмысы тоқтап тұрған өзен портында он шақты маман еңбек етуде. Олар негізінен порт аймағын күтіп-баптау жұмыстарын атқарып отыр.

«Қазіргі уақытта Өзен порты өз территориямызда тұрған қойма, кеңсе, учаске, контейнерлерімізді бірнеше компанияға жалға беріп отырмыз. Сол арқылы жұмысшылардың жалақысын төлеудеміз. Техникалық жағдайымыз, мамандарымыз қазірдің өзінде жүк тасымалына әзір.

Шыны керек, Жайық өзеніне мол судың келуі жүк таситын кеменің қозғалысына қолайлы жағдай туғызып отыр. Қазіргі проблемамыз теңіз тамағының кеме қозғалысы стандарттарына сай тереңдетілуінде болып тұр», — дейді кейіпкеріміз.

Жылына 15 мың тонна жүк қабылдауға қуаты шакталған порттың қызметіне алыс-жақын шетелдерден сұраныс көп. Себебі осы өзен порты арқылы ірі өндіріс ошақтарына қажет техникалық жабдықтардың негізгі бөлігі тасымалданады. Бірақ теңіз тамағының бітелуі порттың кең тыныста жұмыс істеуіне тұсау салып тұр.

«Өзен порты арқылы тасымал жұмыстарын жүргізуге берісі Әзербайжан, әрісі Иран, Түркиядан қызығушылық та, тапсырыс та бар. Олар Қазақстандағы мұнай секторларында жиналған күкірттерді теңіз арқылы экспорттауға ниетті. Бірақ теңіздің тартылуы себепті кемелер қайрандап қалып жатыр», — дейді директор.

Өзен портының «екінші тынысы» ашылатын болса, порт басшылығы жеміс-

көкөніс сактайтын қоймалар салуды, «Атырау — Астрахан» бағытында жүретін кеме ашуды, осы арқылы туризм бағытында жұмыс істеуді жоспарлап отыр. Тіпті, «Қашаған» кен орнындағы жұмысшыларды порт арқылы тасымалдау да жоспарда бар.

Шыныны айту керек, жүкті өзен порты арқылы тасымалдаудың экономикалық тұрғыда да пайдасы жоғары. Мәселен, Атыраудағы Өзен порты 2015 жылы Атырау мұнай өңдеу зауытындағы қайта құру жобасы бойынша ауқымды емес жүктерді қабылдады. Сондай-ақ «Теңізшевройл» компаниясы, Қарабатандағы NCOC және Атырау жылу электр орталығы жобасы үшін де тасымал жұмыстарын атқарды. Ауыр габаритті жүктерді су жолымен тасымалдаудың тиімділігі сол, бір баржаға мың тоннаға дейін зат салып, оны жедел түрде қысқа мерзімде, тиімді бағамен алып келуге болады. Ал ауыр жүк көліктеріне құбыр сияқты ірі көлемді жүктерді сыйдырудың өзі екіталай.

Теңіз тамағын тереңдету жұмыстарының нақты қашан басталатыны белгісіз. Дегенмен сен қозғалды. Атырау өзен порты кең тыныста жұмысын қайта бастады деп сүйіншілейтін күн де алыс емес.

Атырау облысы

ШЫМКЕНТТІК ДЕЛЕГАЦИЯ САПАРДАН ЖЕМІСТІ ОРАЛДЫ

Шымкент қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында қала әкімінің орынбасары Айдын Кәрімов шымкенттік делегацияның Қытай Халық Республикасының Сиань және Үрімші қалаларына сапары барысы жайында баспасөз конференциясын өткізді.

Назгүл НАЗАРБЕК

Қазақстан мен Қытай басшыларының Қытайдың Шэньси қаласын Қазақстанмен, Орталық Азиямен және одан әрі Еуропамен байланыстыратын логистикалық орталық салу туралы келісімі аясында құрылған порттың ашылу салтанаты биылғы ақпан айында өткен болатын. Шымкент пен Сиань қалалары арасында бауырластық қарым-қатынас орнатудың 1 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақстан Республикасының Сиань қаласындағы Бас консулдығының қолдауымен Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков бастаған ресми және іскерлік делегация 24-25 маусымы аралығында Сиань қаласында болды.

Брифинг барысында Айдын Мейрамбекұлы делегацияның Сиань қаласындағы алғашқы ұлттық тағамдар желісі «Жеті тандыр» мейрамханасы жобасының іргетасын қалау рәсіміне қатысқанын айтты. Одан соң Бас консулдық ғимаратында «Шымкент-Сиань қалалары кәсіпкерлерінің сауда-экономикалық форумы» өткен. Оның аясында қытайлық жергілікті 30-дан астам және қазақстандық 20-дан астам кәсіпкерлер арасында денсаулық сақтау, IT, металлургия, қоғамдық тамақтану, білім, ауыл шаруашылығы, электр жабдықтарының және құрылыс материалдарының өндірісі сияқты салаларда B2B кездесулер ұйымдастырылған.

Әкім орынбасары сонымен қатар Шымкент қаласының делегациясы қытайлық

6 ірі компания басшыларымен кездесу өткізгенін, бірқатар жобаларды талқылағанын атап өтті. Мәселен, Jiangsu Xiandai Lighting Group Co., Ltd компаниясымен болған жүздесуде жарықдиодты көпфункционалы көше шамдары, ландшафт жарықтары, сигналдық байланыс, электрлік және бақылау тіректері, жол қауіпсіздігі құралдары мен электромеханикалық жабдықтар, күн фотоэлектрлік панельдер және тағы да басқалар қалалық кешенді жабдықтардың өндірісі бойынша жобалар талқыланды.

«Сондай-ақ Shaanxi Jingzhao сағарпа компаниясымен автомобиль өндірісінен сервистік қызмет көрсетуге дейінгі толық циклді қамтитын автомобиль құрастыру зауытын салу туралы, Қазақстан мен Қытай кәсіпорындары арасындағы ынтымақтастыққа ықпал ететін ұйым саналатын «Қазақстан–Қытай кәсіпорындар альянсымен» ынтымақтастық платформасын құру, іскерлік сапарларды ұйымдастыру және сауда-экономикалық форумдар өткізу арқылы екі елдің экономикаларының өркендеуі мен дамуы жайы сөз болды.

Xian Typical Elevator Co., Ltd. компаниясымен лифт өндірісі бойынша зауыт салу жобасы қаралса, Shaanxi Foreign Trade Import and export Group Co., Ltd. компаниясымен көтерме сауданы, технологиялар мен азық-түлік импорты мен экспортын, қойма қызметтерін, көлік қызметтерін, жеткізу тізбегін басқару қызметтерін, халықаралық контейнерлік тасымалдарды экспедициялау бойынша екіжақты ынтымақтастық мүмкіндіктері зерделенді.

«Al China Communications Construction Company Limited (CCCC) Tianjin Dredging Co., Ltd. компаниясымен порттар мен су жолдарын тереңдету, жерді мелиорациялау, гидротехникалық құрылыстар мен іргетастарды жобалау және тағы басқалар бо-



йынша екіжақты ынтымақтастық мүмкіндіктері талқыланды.

Форум және екіжақты кездесулер нәтижесінде жалпы құны 17,6 млн АҚШ долларына келісімдер жасалып, құжаттарға қол қойылды», — деді Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Айдын Кәрімов.

Сонымен қатар сапар аясында Сиань қалалық партия комитетінің хатшысы Фан Хунвэй мырза және қала мэрі Е.Нюпин мырзамен кездесу өтіп, онда түрлі салалардағы екіжақты қарым-қатынастарды дамыту мүмкіндіктері мен сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту бойынша нақты бастамалар көтерілді. Кездесу нәтижесінде биылғы күзде Шымкент қаласында екі қаланың бизнес қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен ауқымды форум өткізу жоспарланып отыр.

Сапардың екінші күні тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу зауытының қызметімен танысумен жалғасқан.

«Әрі қарай Сиань қаласының Экономикалық және технологиялық даму аймақтарын, сондай-ақ өнеркәсіптік өндіріс нысандарын араладық. Лифт өндірісі, темір бұйымдар өндірісі нысандарының барлығы арнайы озық технологиялармен жабдықталған. Бірлескен жобаларды жүзеге асыру

үшін қытайлық компаниялар Шымкент қаласына жұмыс сапарымен келуге шақырылды», — деп атап өтті қала әкімінің орынбасары.

26 маусым күні Үрімші қаласында «Тату көршілік пен достық, өзара тиімді ынтымақтастық» тақырыбында өткен «Қазақстан–Қытай үшінші өңіраралық ынтымақтастық форумына» еліміздің тарапынан Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин бастаған бір топ делегация қатысты. Іс-шараның бірінші бөлігінде екі елдің ресми өкілдері екіжақты ынтымақтастық бойынша сөз сөйлеп, қала әкімі Ғабит Сыздықбеков те қаланың әлеуметтік-экономикалық және инвестициялық ахуалы туралы баяндап өтті. Форумның екінші бөлігінде екі елдің кәсіпкерлері арасында кездесулер жалғасып, маңызды құжаттарға қол қойылды.

Сонымен қатар форумның барлық қатысушылары «Қытай–Еуразия» халықаралық ЭКСПО көрмесін тамашалап, көрмеде қытайлық нарыққа шығару мақсатында еліміздің әр өңірінен 40-тан астам компания өкілдері өз өнімдерін ұсынғанын атап өтті.

Шымкент қаласы

Абай өңірінің бес айдағы тынысы қуантады



Құрылғанына 2 жылдан өнді асқан Абай облысының екінші тынысы ашылып келеді. Оны көптеген көрсеткіштер мен индикаторлардан көруге болады. Ішкі ғана емес сыртқы өріптестікте де аймақтың әлеуеті жоғары бағаланып отыр. Өңірдегі өнімді жұмыстар мен күн тәртібіндегі мәселелер облыс басшылығының жіті назарында.

АРАЛЫҚ НӘТИЖЕ ПЫСЫҚТАЛҒАН МЕЖЕЛІ ЖИЫН

Биылғы 5 айда Абай облысының қысқамерзімді экономикалық индикаторы 102,7%-ды құрады. Аталған көрсеткіш жалпы өңірлік өнімнің 60%-дан астамын құрайтын 6 негізгі саланың (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс) дамуын көрсетеді. Межелі кезеңде 404,7 мың шаршы метр тұрғын үйді іске қосу жоспары орындалған, соған сәйкес алдағы жартыжылдықта 106,2% өсім күтілуде.

Алдын ала деректер бойынша, бүгінде облыс бюджетінің кіріс бөлігі 64 212,7 млн теңгені, ал жоспар 57 199,6 млн теңгені құрады. Бұл бюджеттің орындалу көрсеткіші —

112,3% деген сөз. 2024 жылға арналған облыстың түзетілген жылдық бюджеті 464 505,4 млн теңге болса, оның 322 695,7 млн теңгесі облыстық бюджетке, ал 141 809,7 млн теңгесі қалалар мен аудандардың бюджеттеріне тиесілі.

Осынау деректер мен дәйектер Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевтың төрағалығымен таяуда әкімдікте өткен отырыста айтылды. Жиында бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары талқыланып, биылғы жылдың екінші жартысына жоспарланған міндеттер қаралды. Отырыс барысында бірінші жартыжылдықтағы қаражатты игеру, құрылыс сапасын бақылау және Ұлттық құрылтайдың III отырысындағы

Мемлекет басшысы тезистерінің негізгі бағыттарын түсіндіру бойынша жүргізілген жұмыстар туралы баяндалды.

«Отырыста қаралған барлық мәселелерге мұқият мониторинг жүргізе отырып, тұрақты бақылау қажет. Жұмыс өте көп және әр мәселеге жауапкершілікпен қарауға тиіспіз. Жүйелі әрі жоспарлы жұмыс туындаған мәселелерді тиімді шешуге және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді», — деді Нұрлан Ұранхаев.

Абай облысының бақылау басқармасы жыл басынан бері жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік және құқық қорғау органдарынан түскен 1 122 өтінішті қараған. Жоспардан тыс 32 тексеру жүргізіліп, нәтижесінде 94 әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама жасалып, 32 нұсқама енгізілген. 14 нысанда жобалық-сметалық құжаттаманың бұзылуы, рұқсат беру құжаттарының жоқтығы анықталды. Олардың сегізін сот шешімімен бөлшектелетін болады.

Сондай-ақ жиында жаңадан пайдалануға берілген су құбырларының санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысын алу және өндірістік бақылау шеңберінде ауызсудың сапасына бақылау жүргізуді қамтамасыз ету мәселелеріне де назар аударылды. Мәселен, 179 елді мекенді ауызсумен қамтамасыз ететін 135 су құбыры облыстың Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне қарайды. Бұл — 75,4 пайыздық көрсеткіш.

Отырыс барысында облыс әкімі басқармалар мен департаменттердің басшыларына тиісті тапсырмалар берді. Сондай-ақ қарастырылған барлық мәселелерді мұқият бақылаудың маңыздылығын атап өтті.

ҚЫТАЙ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ӨНІРДІН ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Абай облысы туралы сөз еткенде оның экономикалық қуаты агросектордан бастау алып, туризмдегі потенциалына

жалғасатынына назар аудармай кетуге болмайды. Оның бір дәлелі — осы аптада өңірге Қытай делегациясы келіп, оның туристік әлеуетімен та нысқан. ҚХР ШҰАА делегациясы Абай облысына сапары аясында өңірдің туристік әлеуетімен, Аягөз–Тачэн үшінші теміржол желісінің құрылыс барысымен танысты. Күн тәртібінде Бакты шекара бекетінде инфрақұрылымын салу және жүк кедендік ресімдеу жөніндегі жоспарларды үйлестіру және тағы да басқа мәселелер қаралды.

Қытайлық тарап сапар аясында облыс әкімінің орынбасары Димитрий Гариовпен кездесті. Кездесу барысында екі ел арасындағы жолаушылар қатынасын жандандыру, шекара бекеттерінде өткізу мүмкіндігін жоспарлау, өзара іс-қимыл тетіктері, трансшекаралық өнеркәсіптік ынтымақтастық, логистика мәселелері талқыланды.

Естеріңізде болса, 2023 жылдың 20 желтоқсанында Абай облысында «Бір белдеу, бір жол» тұжырымдамасы аясында ұзындығы 272 шақырым болатын жаңа Бакты–Аягөз теміржол желісінің құрылысы басталған болатын. Облыс әкімдігі Бакты құрғақ портын салуды қоса алғанда, мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін резервке алу жұмыстарын жүргізді. Қазіргі уақытта жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу шеңберінде техникалық-экономикалық негіздемеге түзету енгізілуде. Жоба 2027 жылға дейін аяқталады деп күтілуде.

Делегация өкілдері майлы дақылдарды, тазартылған май мен басқа да өнімдерді өндіріп, экспорттайтын Qazaq Astuq зауытына, сондай-ақ ірі қара мал өсірумен, көкөністерді өндірумен, өңдеумен және сақтаумен айналысатын «АГРОФИРМА «Приречное» ЖШС-ға барып, олардың жұмысымен танысты.

Н.ҚОСАЙ

Қазақ
«Жігітте де жігіт
бар, азаматы бір бөлек,
жылқыда да жылқы бар,
қазанаты бір бөлек» деп тегін
айтпаса керек-ті. Махамбет жырау:
«Арғымақтан туған қазанат, Қазанаттан
туған қазмойын» деп жырласа,
зерттеушілердің уәжіне жүгінсек, «Қазан»
деген сөз бір жағынан «үлкен» деген мағына
беріп, екіншіден қасиетті әрі тума деген ұғымды
жеткізіп тұр. Яғни, асылтұқымды. Осы
мақаламызда асылтұқымды отандық
жылқылар туралы сөз етпекпіз. Бұған себеп
– күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-
Жомарт Тоқаевтың қазақтың жылқы
тұқымын сақтау және өсімін
молайту мәселелері бойынша
заңға қол қойғаны.



Наурызбек САРША

ТЕКТІНІ ЖАЗБАЙ ТАНЫҒАН

Осыдан 6 мың жыл бұрын Қамбар ата төлі тұңғыш рет Қазақстан жерінде қолға үйретілгені ғылыми дәлелденген. Осылайша, бабаларымыз қамыс құлақ, бөкен қабақ, жібек жал, күпшек сан, құйма тұяқ деп сипаттап, Қабанбай мінген Қубастың, Ақан сері тақымдаған Құлагердің, Қобыландының Тайбурылының ізі болар таза қанды арғымақтарды шығарды. Күнделікті тұрмыста, жортуыл-жорықтарда мінуге жарамды, табындық жағдайда бағуға қолайлы; сондай-ақ тез семіріп, тез ет жинайтын, сүті мол, даланың ыстығы мен суығына көнбіс жылқы тұқымын өсіруге қазақтар ерекше мән берген. Жылқы тұқымын осындай талапқа сай етіп, әрі экстенсивті, әрі интенсивті жолмен көбейткен жылқысының саны он мыңнан асып жығылатын жылқылы байлар қазақ даласында аз болмаған.

Кең-байтақ жайылымдардың болуы, ондағы қыр шөптерімен ақ от, кара оттардың алуандығы мен молдығы малшы қауымның, әсіресе, айғырдың құтпанын, биенің мамысын тандап, қанын аздырмай саралай білетін өмір тәжірибесі мен бейнеті көп еңбектері даланың қатал табиғатына бейімделген қазақы жылқы тұқымының өсіп-өнуіне айрықша сеп болды.

Дегенмен тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қазақ жылқысының санын көбейтіп, сапасын өсіруге баса назар аударылған жоқ. Соның салдарынан асылтұқымды жылқылардың бірі – Қостанай жылқысына 2014 жылы тұқымды дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдау тоқтатылғаннан кейін саны күрт азайып, жойылу алдында тұр. Сонау 1889 жылы патшалық Ресей өкіметі қазақтың қазанатын негізге ала отырып, Қостанай жылқы зауытын құрады. Екінші дүниежүзілік соғысқа, аштыққа, репрессияға қарамастан Қостанай тұқымының селекциясы үздіксіз жалғасты. 60 жылғы сұрыптау нәтижесінде 1951 жылы Қостанай жылқысы зауыт тұқымы ретінде танылады. Кеңес өкіметі уақытында Қостанай жылқысы КСРО-ның ең үздік жылқы тұқымдарының қатарына қосылды. Бүкілодақтық жарыстардың бірнеше дүркін чемпионы болған аттар да осы зауыттан шыққан. Екінші әлем соғысы кезінде де бірнеше жүздеген бас жылқы Қазақстаннан алынған. Соғыс аяқтала салысымен маршал Буденныйдың бұйрығымен Қазақстанда 19 жылқы зауыты салынады. Онда қазақ жылқылары Дон жылқыларымен будандастырылған. 1969 жылы елімізде 44 мыңнан астам Қостанай жылқы тұқымы тіркелген, яғни барлық асылтұқымды жылқының жалпы санының 9,7%-ын құраған. Алайда бүгінде Қостанай жылқы тұқымының ресми тіркелген саны 270 бастан аспайды, ал Адай жылқы тұқымының 1 300 басы тіркелген.

Қостанай жылқысын сақтап қалу жолындағы қадамдар былтыр басталған. Ұлттық спорт қауымдастығы Қостанай жылқы тұқымын сақтау және дамыту туралы арнайы жиын өткізіп, жиналыстың шешімдері бұрынғы Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановқа жеткізілген болатын. Нәтижесінде, Ералы Лұқпанұлы да бұл мәселеге жіті назар аударып, түйінді сұрақтың күрмеуін шешуге белсене кірісті. Аз уақыттан кейін Үкіметте Премьер-Министр орынбасарының төрағалығымен Қостанай жылқысы тұқымын сақтау және дамыту бойынша үлкен жиын өтті. Пәрменді әрекеттер нәтижесінде, Қостанай жылқысын сақтап қалу, дамыту үшін арнайы Жол картасы бекітілді. Мұндағы мақсат біреу ғана: әр мемлекеттің өзіне ғана тән ұлттық бренд болады. Еліміздің әлемге мақтануға лайық ұлттық брендінің бірі – осы қазақтың қазанаты.

ЗАҢДА ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚТАР БАР?

Осылайша, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мініс және мініс-жегін жылқылардың отандық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» заңға қол қойылды. Құжат мініс және мініс-жегін бағыттарындағы жылқылардың отандық тұқымының өсімін молайту, сондай-ақ оның қасиеттерін сақтай отырып, мал басын ұлғайтуға және осы бағытта асылдандыру жұмыстарын жүргізуге бағытталған. Сонымен қатар заңның бастапқы бөлігіндегі «асылтұқымды мал» және «тұқым стандарты» ұғымдарына түзетулер енгізіледі. Осылайша, тұқым стандартына сәйкес келетін және Республикалық палатада тіркелген таза тұқымды жануарлар ғана асылтұқымды жануарға жататын болады. Фенотиптік және өнімді көрсеткішке қойылатын минималды талаптар ғана емес, сонымен қатар басқа көрсеткіштер де қамтылатын «тұқым стандарты» ұғымдары нақтыланады.

Заңда асылтұқымды жылқыларды өсіруді ынталандыру мақсатында Қазақстан аумағында өсірілген мініс және мініс-жегін бағыттарындағы жылқылардың отандық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мақсатында жұмсалған шығындарды өтеу көзделді.

Қорыта айтқанда, заңның қабылдануы шетелдік селекция өндіретін асылтұқымды айғырларды сатып алу шығындарын субсидиялауға, аналық мал басымен селекциялық-асылтұқымдық жұмыс жүргізуге және

жылқыларды ұстау шығындарын өтеуге мүмкіндік береді.

«БҰЛ ЗАҢДЫ ҰЗАҚ УАҚЫТ КҮТТІК»

Бұл заң Мемлекет басшысына жетпей тұрып, Мәжіліс пен Сенатта ұзақ талқыланды. Мәселен, сенат отырысында сенатор Әли Бектаев: «2014 жылға дейін елімізде 17-асылтұқымды жылқы заводтары мен 156-асылтұқымды шаруашылық қызмет істеген екен. Кейіннен бұл шаруашылықтардың көпшілігі жойылып кетті. Өкінішке қарай, жылқы шаруашылығын өркендету мәселесі көп уақыттан бері Үкімет назарынан тыс қалып қойды. Бүгінде Республикалық палатада тіркелген асылтұқымды жылқылардың басым бөлігі өнімділік бағытындағы, жүк тартатын жегіске арналған жылқылар болып отыр, ал мініс және мініс-жегін жылқы түрінен 290 бас қана қалды», – десе, сенатор Ернұр Әйткенов: «Мемлекет тарапынан бөлінетін субсидияның жалпы сомасы – 701 миллион теңге. Бұл қаражат алдағы 5 жылға жыл сайын 140 миллион теңгеден берілетін болады. Көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары асылтұқымды жылқылардың гендік қорын сақтауға, дамытуға және қалпына келтіруге, отандық жылқы шаруашылығын жетілдіруге ықпал етеді деп сенемін», – деп қуанышты жаңалығын бөліскен еді. Осы заңды талқылау аясында жұмыс тобының арасында болып, заң түзетулеріне араласқан жанның бірі Ұлттық аграрлық ғылым академиясының академигі, ғылым докторы, Мұғалжар жылқы тұқымының авторы Нәбидолла Кикебаев та бар еді. Ол жана заңның қабылдануы өте ұтымды шешім болды деп есептейді.

Түйін:

БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының мәліметіне сүйенсек, шартарапта 57 миллион жылқы жайылып жүр. Соның 10,6 миллионы АҚШ-қа тиесілі. Мексика да тұлпары көп ел саналады. Онда Қамбар атаның 6,4 миллион тұқымы бар. Бразилияда да жылқылар жетерлік (5,7 миллион). Сол секілді Моңғолия мен Қытай да ер қанатын көптеп өсіретін елдер қатарында. Кейінгі жылдары Қазақстан бұл тізімге қосылды. Тізімдегі алғашқы үштікті қуып жете алмасақ та, жылқы саны жөнінен көрші елдерден кем түспейміз. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Игорь Нечаевтың жариялаған мақаласына сүйенсек, 1916 жылы қазақ даласында 4,6 миллион бас жылқы жайылып жүріпті. Ұлттық статистика бюросы деректеріне сәйкес азаттыққа қол жеткізген тұста 1,6 миллион тұлпар қалған екен. Өкінішке қарай, 2001 жылға дейін біртіндеп азайып, миллионнан кеміп кеткен еді. Енді жана заңның ықпалымен Қамбар ата төліне деген көзқарасымыз дұрысталып, асылтұқымды жылқылар кең-байтақ дала төсінде үйір-үйірімен кісінесе-шұрқыраса шапқылап жатқанын көруге жазсын.

«Бұл заң Үкіметтің үлкен жақсылығы болды. Бұрынғы жылқы зауыттары жабылып, асылтұқымды жылқы басы 10-15 пайыздық көрсеткіштен бүгінде 1 пайызға бір-ақ түсті. Бұрында көптеп ашылған жылқы зауыттары жылқы тұқымын асылдандыруда көп жұмыс атқарған еді. Тіпті, асылтұқымды емес жылқыларды да асылдандыруға ықпал жасады. Қазіргі кезеңге келер болсақ, соңғы жылқы зауыттың өзі 2000-жылдары жабылып қала жаздап, өрен әуірімімен аман алып қалып, «Қазақ тұлпары» деген жаңа атау беріп, жүйелі жұмыс істегеннің өзінде 2014 жылдан бері қарай қайта құлдырай бастады. Оған себеп, ғылыми, селекциялық жұмыстарға ешқандай қаражат бөлмей қойды. Содан соң ғалымдар кете бастады. Соның салдарын біраз жыл өткен соң бір-ақ түсінді біздің жұрт. Ақыры белсенділер мен депутаттар Мәжілісте көтеріп назар аударып бастады. Дүниежүзілік малдың генфонды деген болады. Сол генфондтың өзін сақтау жөнінде үлкен жұмыстар жүріп, Керкүланды Қостанай жеріне әкеліп жерсіндіріп, халықаралық жұмыстар істеп жатқанда, өзіміздегі бар асылтұқымды жылқыларға жағдай жасай алмауымыз өте ұят болып еді. Селекциялық жұмыстар деген – үздіксіз дамып отыратын ғылым. Малды асылдандыру, малды сұрыптау, дамытумен айналысады. Осыны Үкімет үнемі жүргізіп отырса, сұранысқа керек жылқылар туа бастайды.

Елде үш жүз мыңға жуық ана мен әке алимент даулап жүр. Демек, осыған жетеғабыл көкек адам оны төлеуден қашып жүр. Алименттер бойынша қарыз былтырдың өзінде 21 миллиард теңгеден асыпты. Проблема ауқымын осыдан аңғаруға болады. Сарапшылар мен депутаттардың байламынша, мемлекет араласып, бір шара қабылдасамаса, түйткіл тек ушыға береді. Сондықтан үкіметтік жұмыс тобы жаңа институтты – Алимент қорын құру мәселесін пысықтауға кірісті.

Айхан ШӘРІП

КӨКЕК ӘКЕ ҚАПТАҒАН ЗАМАН

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2009 жылғы Қазақстан халқының ұлттық санағы республикада әйелдердің 52,2%-ы «отанасы» болып табылатынын көрсетті. Ал 2021 жылы жүргізілген ұлттық санақ қорытындысында некедегі әйелдердің үлесі 58,9%-ға дейін өскен.

Ешқашан тұрмыс құрмаған нәзік болмыс иелерінің үлесі осы онжылдықта 28,2%-дан 25,7%-ға дейін төмендеді. Әйелдердің 8,4%-ы немесе 595 280-і жесір қалған және кейін ешбір ермен көңіл қоспаған.

Бұл ретте Қазақстанда әйелдердің 7%-ы немесе 494 328 әйел ресми түрде ажырасқан. Олардың үлкен бөлігі қолында қалған балалары үшін әкесінен қаржылай көмек алмайды немесе алатыны жеткіліксіз.

Мысалы, еліміздегі ең шағын үш өңірдің бірі саналатын, 696 мыңдай ғана тұрғыны бар Абай облысында жыл басынан бері алимент төлемеген 215 ата-ана анықталды.

— Борышкерлер мен алимент төлемейтіндерді іздегірі — көші-қон қызметінің бір бағыты. Осы жылдың басынан облыс полицейлері қабылдап жатқан шаралардың нәтижесінде іздеуде жүрген, алимент төлеуден жалтарған 245 адамның 215-і анықталды. Жүргізілген талдау көрсеткендей, алиментті тек ер адамдар емес, сонымен бірге балаларының тағдырына қызығушылық танытпайтын кейбір ана да төлемейді, — дейді облыс ПД көші-қон қызметі бастығының орынбасары Бауыржан Иманғазанов.

Мәселен, екі баласының алдында қарызға батқан 35 жастағы келіншек көрші облыста қашып жүрген жерінен ұсталды. Ондайларға полицейлер «атқарушылық құжатты орындамағаны үшін» деп, хаттама толтырып, заң жүзінде әкімшілік және қылмыстық жаза қолданылады.

БАС ҚОРҚАҚ, ҚОЛ БАТЫР МА?

Премьер-Министрдің оң қолы, яғни орынбасары Тамара Дүйсенова жуырда Мемлекеттік алимент қорын (МАҚ) құруды қарастырып жатқандарын жеткізді. Оның айтуынша, қазіргі кезде Әділет министрлігінде құрылған топ мұндай қордан неше адам қанша көлемде қаржы алуға мұқтаж болатынын қарап, есеп-қисабын жасау үстінде.

— Әйелдердің қаншасы әкелердің жалтаруы кесірінен алимент алмайтыны, тағы қаншасы алиментті толық көлемде алмайтыны, сондай-ақ әкелердің жұмыссыз қалуы не шетелге жұмыс іздеп кетуі салдарынан қаншасына алимент төлеу тоқтатылғаны есептеліп жатыр. Мұндай өзекті ақпарат Мемлекеттік алимент қорын құру үшін қажет. Ол қор қанша адамға қанша мөлшерде көмек көрсетуі тиіс? Бүгінде керекті қаражат сомасын анықтап алу маңызды, — деді Тамара Дүйсенова.

Әйтпесе, оның айтуынша, Үкімет МАҚ-тың құрылғанын жариялап, оған белгілі бір қаржы бөле алады. Бірақ ол қаржы «үш айдан соң таусылып қалуы мүмкін». Немесе зәру аналардың басым бөлігі көмектен қағылуы ықтимал. «Сондықтан Әділет министрлігінің есептемелері дайын болғанын күтейік, содан кейін шешім қабылдаймыз. Жалпы, өз міндетіне адал емес немесе жұмыссыз жүрген әкелердің балала-

ҚАЗАҚСТАНҒА АЛИМЕНТ ҚОРЫ ҚАЖЕТ ПЕ?



ры үшін алиментті мүлдем алмайтын немесе жеткілікті көлемде алмайтын әйелдер қордан төлем алудан үміттеніп алуы мүмкін», — деді вице-премьер журналистерге.

Алайда дәл осы кезде Парламент депутаттарына жазбаша жауабында Премьер Олжас Бектенов алимент қорын құруды құптамайтынын жеткізді. Ол мұндай қадам елдегі ажырасулар санын арттырып жібереді деп қауіптенеді. Айталық, күйеуі жұмыс істемейтін болса, әйелі аталған қордан көмекқаржы алу үшін онымен некесін фиктивті бұзуы мүмкін.

— Мемлекеттік алимент қорын құру идеясы жана туындаған жоқ, бұрыннан талқыланып келеді. Ұсынылып отырған бастаманы Үкімет қолдамаған. Қолдамаудың негіздері келесі: біріншіден, балаларға әлеуметтік көмек бойынша мемлекет онсыз да шаралар қабылдайды. Сонымен бірге Ата заңның 27-бабына сәйкес, балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу — тікелей ата-ананың етене құқығы әрі міндеті! Екіншіден, мұндай қорды құру — алимент төлеуді тоқтатқан борышкерлер санының өсуіне, некелерді жасанды түрде бұзудың артуына, ата-аналық міндеттерін орындаудан жаппай жалтаруға соқтыруы мүмкін, — деді Үкімет басшысы Олжас Бектенов.

Оның айтуынша, Мемлекеттік алимент қорын қалыптастыратын қаржы көздері де «күмәнді, даулы». Сарапшылар оның бір бөлігін борышкер ата-аналардың мүлкін тәркілеп, сатудан түскен қаржымен толтыруды ұсынады. Шынында, ондай борышкерлердің иелігінде құнды мүлік болмай шығады. Қолданыстағы тәжірибе бойынша құқық қорғау органдары онсыз да жосықсыз «алиментшілердің» автокөліктерін тартып алып жатыр, одан қарыз көлемі тіпті де қысқармады.

Сайып келгенде, МАҚ-тың күні қалпымен мемлекеттік бюджетке қарап қалмақ, соған салмақ салмақ. Ал бюджеттің тапшылығы биылғы жылы 3,5 триллион теңгеге жетіп қалды.

«Шетелдің тәжірибесін талдау көрсеткендей, мұндай институтты құру мемлекеттік бюджеттен мол қосымша қаражат бөледі талап етеді. Қорды басқаратын арнайы құрылым құру, қосымша штаттық бірлік бөлу және басқасы қаржыны қажет етеді. Осы айтылғанды ескеріп, одан гөрі атқарушы өндіріс аясында алименттерді өндіріп алудың қолданыстағы тетіктерін күшейткен жөн деп санаймыз», — деді Премьер О. Бектенов.

Оның орынбасары болса, қаржы таппай қиналған аналарды үміттендіріп қойды. Сарапшылар Әділет министрлігінің есептемелерін күтуге шақырды. Онысы Бектеновтің үзілді-кесілді кесімін өзгертер ме екен?

БАЛАМ ДЕГЕН ЖҰРТ БОЛМАСА...

Жоғарыда әйелдердің 7%-ы немесе 494 328 әйел ресми түрде ажырасқаны айтылды. Сонымен қатар Әділет министрі Азамат Есқараевтың айтуынша, 2023 жылы сот орындаушыларының өндірісінде «қашқын» алиментшілерден қаржы өндіруге қатысты 288 мыңнан астам іс жатқан. Бұл — атқару өндірісіндегі құжаттардың үлкен бөлігін құрайды.

Министрдің дерегінше, орындауда жатқан атқару істерінің арасында 16 345-і — проблемалық. Соның ішінде 58%-ы (9 490 құжат) бойынша қарыз 4,7 миллиард теңгеді: ол ара-тұра, ішінара өтеледі. Қалған 42%-ы (6 855 құжат) бойынша 8 миллиард теңге қарыз мүлдем өтелмейді.

«Талдау көрсеткендей, алименттерді төлемеуге негізінен борышкердің ресми жұмыс орнының, табыс көзінің, өндіруге тұрарлық мүлкінің жоқтығы себепкер. Бірақ ауқатты, материалдық мүмкіндігі бар бірқатар борышкер де өз балаларына күтім жасаудан қасақана бас тартады, мүлкін түрлі тәсілмен жасырып бағады. Бұларға әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Проблемалы атқару өндірістері бойынша сот орындаушылары мәжбүрленіп өндіру шараларын қабылдайды. Мүлкі, тұрақты табысы болмаса, ондай борышкерлерді жұмысқа орналастыру үшін әділет департаменттері әкімдіктермен бірлесіп, бос орындар жәрменкесін өткізіп тұрады», — деді министр А. Есқараев.

Ол тек қана алименттерді өндірумен айналысатын мамандандырылған кеңсе-конторалар құруды ұсынады. Қазірдің өзінде басқа шаруаға алаңдамай, тек осы саламен ғана айналысатын бірқатар жеке сот орындаушысы бар көрінеді. Әділет министрі ЖСО кеңселерінің бір салаға мамандануы тәжірибесін барлық өңірге тарату маңызды дейді.

Алимент төлемеу үшін еркегі болсын, әйелі болсын, түрлі қулыққа басады: сот орындаушысына және алимент алушыға хабарламастан, жұмыс орнын ауыстырады, жұмыс берушісімен келісіп, шынайы табысын жасырады, тұрғылықты орнын өзгертеді, тіпті шетелге табанын жалтыратады. Ақыр соңында отбасының жұртында бала-

ларымен жалғыз қалған адам оларды асырауға жеткілікті қаржы таппай, азап шегеді.

Мәжіліс депутаты Магеррам Магеррамовтың айтуынша, Үкімет өткір әлеуметтік проблеманы шешу үшін түрлі қате жолдарды байқап көріп, айнала адасып, ақыры ескі «қазығын тапты». Тіпті, «Алиментті төлеу бойынша 30 қадам» сияқты арнайы бағдарлама қабылдап көрді. Заңнама да талай түзеп-күзелді, жаза қатайтылды. Нәтиже шықпады.

— Республикалық сот орындаушылары палатасының қабылдаған шаралары да зая! Балаларға алимент өндірту проблемасы жыл өткен сайын тек ушығып барады. Бұл мәселені VI шақырылған Парламентте көтергенбіз. Ол кезде алимент қарызы 2 миллиард теңгені құраған еді. 2023 жылы алимент бойынша қарыз 20 миллиард 796,6 миллион теңгеден асты! 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша алиментті өндіруге қатысты 8 мыңнан астам сот шешімі мүлдем орындаусыз қалған. Сондықтан біз шет елдердің тәжірибесіне сәйкес, Мемлекеттік алимент қорын құру керек деп табандаймыз, — деді депутат.

Оның ұсынуынша, МАҚ 3 айдан көп уақыт алимент алмайтын барлық балаға төленуі қажет. Қор бюджеттен тыс түсімдерден қалыптасады. Біріншіден, алимент төлеуден жалтарғандардың қаржылай табыстарының белгілі бір бөлігі қорға өндіріледі. Екіншіден, олардың тәркіленген құнды мүлкін аукционда сатудан түскен түсімді де қорға бағыттау ұсынылады. Сондай-ақ ел болашағы балаларға қамқорлығы ретінде қазақ жерінің қойнауындағы байлығын қазып-көсіп алып жатқан шетелдік және отандық инвесторлар, басқа ірі компаниялар қорға демеуші болса игі.

Сарапшылардың дәйектеуінше, қор арқылы мемлекет балалардың үлкен бөлігін қамқорлығына алып, олардың билік пен қоғамға ызалы емес, риза, отансүйгіш азамат болып өсуіне ықпал етер еді.

Лудомандардың үлкен бөлігін алиментшілер құрайтыны белгілі. Олар есіл-дерті құмар ойын болып, соның соңына түсіп кеткендіктен, отбасынан айырылып жатады. Осы орайда таяуда Парламент арнайы заң қабылдап, борышкерлердің, алиментті төлеуден жалтарушылардың бірыңғай тізімінде тұрған тұлғалардың құмар ойындарға қатысуына, бәс тігуіне тыйым салып тастады. Алайда бұдан тастанды балалардың жағдайы жақсармасы анық. Ендеше олардың жағдайын оңалтудың өзге пәрменді шаралары қажет.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Бірақ біздің елімізде 12-15 жас аралығындағы, тіпті 10-12 жастағы қыз баланың жүкті болып қалғаны туралы статистика бар. Дәрігерлер ұсынған деректер бойынша, елімізде жылына 130 мыңға жуық жасанды түсік жасалса, олардың ең жасы — 13-14 жастағы жасөспірім қыздар. Ал 14 жастағы жасөспірімдердің 10 пайызы, 15-17 жастағы жасөспірімдердің 21 пайызы кемінде бір рет жыныстық қатынаста болған. Сондай-ақ Қазақстанда жасөспірім қыздар арасындағы жасанды түсік Еуропамен салыстырғанда 3-4 есе көп.

Халқымыз «Қыз бала — ұлттың ұяты, халықтың шырайы» дейді. Алайда ерте етегі ашылып, балалық шақта ана атанып отырған қыз баланың тағдырына алаңдаған кім бар? Енді ғана желкілдеп өсіп келе жатқан жеткіншектің қылығын ұят санамас бұрын, оның бойына адами құндылықтар мен ұлттық тәрбиені сіңіру үшін не істедік? Олардың сезімдері мен сенімдеріне ересектердің өзі сызат түсіруі мүмкін екенін бір сәт болса да ойладық па? Тек қыздарымыздың ғана емес, ұлдарымыздың өз өмірін өксікке толтырып, тағдырын талқан етуінің себебі не? Көбіне жүгенсіз кеткен жасөспірімдерді сынап-мінep, кінәлап жатамыз. Үзіле жаздап, үлбіреп тұрған тағдырдың тауқыметіне көз жұма қараймыз. Әлі толық пісіп-жетілмеген жас ағза үшін жүкті болу, өмірге ұрпақ әкелу немесе жасанды түсік жасатудың психологиялық, физиологиялық салдарына бас қатырдық па?

Мамандардың айтуынша, жыныстық даму қыздарда 9-10, ұлдарда 10-12 жаста ғана байқала бастайды. Жүктілік кезінде жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарда түрлі түзілістер жүреді. Жас аналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, токсикоз туындайды. Балғын қыздардың ағзасы мұндай жүктемеге дайын болмайды, құрсақ көтеріп, бала тууға бейімделмеген. Салдарынан, жасөспірім аналар дүниеге әкелген балалар ауруға бейім, әлсіз, өмір сүруге деген қабілеті мен күштарлығы өте төмен болады. Ерте түсік жасату немесе ерте жүктілік, тіпті баланы дүниеге әкелу — жас ананың денсаулығына, өміріне төнген үлкен қауіп әрі жанына түскен жазылмас жара екенін түсінгіміз келмейді де. Арамызда «Ойнап жүріп от басқан» баласының өмірінің ойрандалғанын ойлаудан бұрын, жұрт алдындағы маскарадан «тығылып» қалуды ғана ойлайтын ата-аналар көп.

— Түсік жасату туралы шешімді ата-аналардың көпшілігі қолдайды. Өйткені олар екі жаманның азын тандадық деп санайды. Ерте жүктіліктің зиянды тұстары да жетерлік. Бірақ жасөспірім кезіндегі түсік жасату көптеген жағымсыз жайтқа әкеледі. Жүктіліктің ерте факторы болашақта тіпті бедеулікке әкелуі мүмкін. Егер жас ана баланы дүниеге әкелемін деп шешім қабылдаса, бірқатар салдарға тап болады. Жас кезіндегі жүктілік денесінде әлі де гормоналды өзгерістер жүріп жатқан әйел ағзасы үшін қауіпті. Он үш-он жеті жасында қыздың ағзасы ана болуға әлі дайын емес, — дейді гинеколог дәрігер Самира Садыгова.

Ерте жүктіліктің ғылыми тұжырымдамаларына теренірек үнілер болсақ, бұл халқымыздың репродуктивті саулығына, болашақ ұрпақтың қан тазалығына зиянды әсерінің зор екеніне көз жеткізер едік. Мамандар қазіргі күні елімізде бала туу көрсеткішінің кеміп кеткенін, оның басты себептерінің бірі бедеулік екенін жиі айтып жүр. Ал бедеулік адам репродуктивті денсаулығына жастайынан, тіпті бала кезден мәнін бермегенінің салдары дейді. Жас ағзаның ер және әйел ретіндегі ерекшеліктері қалыптасып үлгермей жыныстық қатынасқа барып, мәжбүрлі түсік жасату, қалаусыз нәрестені дүниеге әкелу адамның денсаулығына, психологиясына, физио-



КӨЗ ЖАСЫНА

жасырынған
мұң

ЕЛІМІЗДЕ КӘМЕЛЕТ
ЖАСҚА ТОЛМАЙ ЖҮКТІ
БОЛЫП, ЖАСАНДЫ
ТҮСІК ЖАСАТАТЫНДАР
МЕН АНА АТАНАТЫН
ЖАСӨСПІРІМДЕР САНЫ
АРТЫП БАРАДЫ.
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
МЕДИЦИНАЛЫҚ
КӨРСЕТКІШТЕР
БОЙЫНША 19 ЖАСҚА
ДЕЙІНГІ ЖҮКТІЛІК ЕРТЕ
ДЕП САНАЛАДЫ.

логиясына, қала берді, халқымыздың салауатты сапасына кері әсерін тигізетін ең қасіретті фактор екені даусыз.

Егер статистиканы сөйлетер болсақ, елімізде 21 мың ВИЧ дертін жұқтырған адам болса, соның 40 проценті — 15-29 жас аралығындағы жастар. Акушер-гинеколог Галина Гребенникованың айтуынша, 15 жаста аяғы ауыр болған бойжеткендердің қайтыс болу қаупі ересектерге қарағанда 20 есе көп. Бұл сандардың ұлт саулығы, ұрпақ саулығы мәселесіндегі зардабын айтпасак та түсінікті... Қазір мектеп бағдарламасына жыныстық тәрбие сабағын енгізу туралы мәселе қоғамда қайта-қайта талқыланып келеді. Бірақ жыныстық білім мен тәрбиені жүйелі, сауатты түрде қалай жүргізуге болатыны туралы нақты шешім, айқын бағыт-бағдар жоқ.

Жалпы, 2019 жылдан бері мектептерде жаратылыстану, биология сияқты жалпы пәндерге тақырып ретінде адамтану бағытында жыныстық тәрбие курсы ара-кідік енгізіліп жүр. Алайда нақты бағдарламасы бекітілмегендіктен, қайбір жылдары салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы сынды мекемелердің мамандары мектепте өз дәрістерін оқып, мүшекап жарнамасын жүргізіп, оқушыларға таратып бергені туралы шу шыққан-тын. Ата-аналар үдере түрегеліп, наразы болғаны бар. Бұрын анатомия сабағы 8-сыныптан басталатын болса, енді мамандар бұл пәнді

3-4-сыныптан бастау керектігін алға тартады. Олар 3-4 сыныптан бастап-ақ балаларға жыныстық сауаттылық туралы оқыта беруге болады дейді. Егер 3-4-сыныптағы бала 8-9 жаста деп есептесек, оларды кішкентайынан жыныстық тәрбиеге үйрете беру туралы ұсынысты қолдайтындар «қазіргі балаларды бұрынғы балалармен салыстырғанда физиологиялық, жыныстық өсіп жетілуі өте ерте әрі тез дамиды» деген уәж айтады.

Білікті педагог, Еңбек Ері Аягүл Миразова: «Бұл мәселені үшінші сыныптың баласы әрине қабылдамайды. Оған қызық көрінуі мүмкін. Бірақ балаға ерте бастан, ондай дүниені айту пайда бермейді. Керісінше, баланы бұзуы мүмкін» дейді. Егер казактың ұлттық өлшеміне салсақ, «бесіктен белі шықпаған балаға» кейбір құпия саналатын, ұят болып есептелетін, өзіндік шекарасы анықталған ұғымдарды «жаланақтауға» болмайды.

Десек те, жасөспірімді «болары болған іске» айыптау, кінәлау мәселені шешпейтіні белгілі. Бейсаналы жасаған әрекеті үшін ата-анасынан қорыққан жасөспірімнің жасанды түсік жасату арқылы мәжбүрлі түрде адам өлтіру секілді қылмысқа дейін барып жатқаны ең үлкен қауіп екенін ескеруіміз керек. Журналист Бәлла Орынбетованың айтуынша, жалпы біздің қоғамда баланың міндеті бар да оның құқығы, қалауы деген мәселелер қарастырылмаған. Мәселен, балаға біріншіден психологиялық тұрғыда ержету немесе бойжету деген не екенін ұғындыру керек. Ересек өмір тек жыныстық қарым-қатынас емес, жасөспірімнің адам ретінде өзін-өзі реализациялауы, өзінің қандай да бір потенциалын іске асыруы, қабілетінің, мүмкіндіктерінің шексіздігі туралы ұғымдарды сіңіруіне жағдай жасалуы керек. Яғни, баланың шығармашылық, білім немесе кәсіп секілді басқа да мүмкіндіктерінің толық ашылуына фундамент қалануы керек. Қазіргі капиталистік ортада балалардың көбісінің түсінігінде жұмыс істеуге, ақша табуға тырысу культі, материалдық құндылық культі қалыптасқан. Заң бойынша белгілі жаста баланың жұмыс істеуге құқығы бар. Бірақ қандай жұмыс істейтіні туралы

механизмдер жоқ. Сондықтан ауыр жұмысқа жегіліп жүрген балалар құқығына қатысты айқын механизмдер, шаралар болу керек.

— Егер еліміз жастардың ерте жастан жыныстық қатынасқа түсуі нгемесе ерте жүктілік бойынша алдыңғы орында болса, қоғамдағы «Он үште отау иесі» деген секілді архаикалық түсініктердің әсері болуы мүмкін. Біздің қоғамда балалардың құқығына қатысты белгілі бір мораль оқылады да, көбіне баламен арада диалог болмайды. Тыйым туралы көп айтылады. Бірақ не үшін тыйым салынғаны айтылмайды. Мектепте валеология сабағының сапасы сын көтермейді. Сондай-ақ баланың құқығын бұзу жағдайы көбіне ашық айтылмайды, кейбір инцидент болған жағдайлар «жабулы қазан күйінде» өзара келісім негізінде жабылып қалады. Дегенмен жалпы ерте жыныстық қарым-

қатынас немесе ерте жүктілік мәселесінің алдын алуға болады, — дейді Б. Орынбетова. Оның айтуынша, мектепте жыныстық сауат пәнін оқытатын болса, алдымен педагог маманның да жауапкершілігі мен сауатына мән берілуі ке-



рек. Мектепте ғана емес, ата-анамен де жұмыс жүргізілуі, қоғамның да пікірі, көзқарасы өзгеруі тиіс.

— Мектепте жыныстық тәрбие туралы оқыту дегеніміз — жыныстық қатынасқа түсуіне рұқсат беру деген сөз емес. Оқушыға жыныстық қатынас деген не, оның салдары, оған дайындық мәселелері, ер мен әйел организмнің физиологиялық ерекшеліктері, ағзада болатын өзгеріс, ағзаның пісіп-жетілуі, психологиялық, әлеуметтік-құқықтық аспектілері түсіндірілуі, «Қызға қырық үйден тыю» қағидасы ғана емес, ұлдардың да жауапкершілігі қамтылуы керек. Адам құқығының мәнін сақтау, адамның абыройын, адамның қалауын сақтау мәселесі бірінші бағалануы керек деп ойлаймын. Сондықтан биязылық, пәктік дегеннен гөрі адамның құқығына, саналы тандауына еркіндік берген дұрыс деп ойлаймын. Жасөспірім саналы түрде ерте жыныстық қатынастың немесе ерте жүктіліктің әлі физиологиялық тұрғыда дайын емес ағза үшін қауіпін, зиянын, зардабын түсінгені абзал. Сонда ғана «Есік көргенді емес, бесік көргенді ал» қағидасы адамның денсаулығы мен қауіпсіздігі мәселесінің негізгі түп қазығы бола алады, — деді ол.

Қазақта «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген тәмсіл бар. Қазір жасөспірімдердің жауапкершілігін сөз еткенімізбен, олар белгілі бір деңгейде ересек адамдардың жауапкершілігін сезіне алды ма, осы мәселеге мән беру керек сияқты. Ал аумалы-төкпелі көңіл күйдегі өтпелі кезеңде жасөспірімге тек ұят туралы айтып, шектеу арқылы жауапкершілік талап етудің соны әлеуметтік мәселеге айналып отырғанының куәсіміз. Ерте жастағы жүктіліктің салдары жасөспірімнің денсаулық мәселесі ғана емес, өзіне-өзі қол жұмсауға және құрсақта тұншыққан сәби өмірін қиюға дейін аппаратын қылмыс әрі қасірет. Сондықтан ізгі қоғам игіліктері дегенді құр айтып қана қоя салмай, әркім өз бойынан іздегені дұрыс секілді.

(Басы 1-бетте)

Жыл сайын Қазақстанда 14 мыңға жуық бала «мүгедектік» статусын алады. Билік соңғы үш жылда бұл көрсеткіш тек өсіп келе жатқанын айтып отыр. Кішкентай отандастарымызға жиі-жиі туа біткен даму ақаулары, психикалық бұзылулар, эндокриндік аурулар және қатерлі ісік секілді диагноз қойыла бастады.

«ЕРЕКСІ» БАЛА ЕЛДЕ КӨП

Қазір елімізде 109,5 мыңға жуық мүгедек бала тұрады. Билік бұл динамикаға алаңдаулы. Соңғы бес жылда инклюзивті білім берумен қамтылған балалар саны 32,7%-дан 53%-ға дейін артты. Бірақ жалпы білім беретін мектептердің 14%-ы инклюзивті білім беруге әлі де дайын емес.

Қолданбалы мінез-құлықты талдау маманы, «Алуа» орталығының негізін қалаушы Жанна Қалиеваның айтуынша, қазір барлық бақшаларда дерлік Аутистік спектрдің бұзылуы (ASD) бар балалар кездеседі. Сондықтан Психологиялық медико-педагогикалық кеңестің (ПМПК) жұмысын жеңілдету керек.

— Тіпті, кейбір функцияларды мектепке өткізген жөн деп есептеймін. Себебі қазір аутизмді бар балалар саны да артып келеді. Мен әрқашан америкалық статистикаға көз жүгіртіп отырамын. Мысалы, 2023 жылы АҚШ Мемлекеттік ауруларды бақылау орталығының комиссиясы 2020 жылғы статистиканы жариялады. Оған сәйкес, сегіз жасқа дейінгі әрбір 36-шы бала аутизм спектрінің бұзылуынан зардап шегеді. Бұл — 2,8 пайыз. Яғни, әр топта, әр сыныпта мұндай балалардың саны артып барады. Төрт жылда бұл көрсеткіш одан да арта түскені анық. Ерте жастан дұрыс қолдау көрсететін инклюзивті білім көптеген адамдарға ақыл-ой кемістігін болдырмауға көмектеседі, — дейді маман.

Жанна Қалиева — аутизмді бар ерекше баланың анасы. Оның айтуынша, Қазақстанның әр өңірінде ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беру мекемелерінде жасалған жағдай әртүрлі. Дегенмен Астана қаласының Білім беру басқармасы бұл жағынан өзге аймақтармен салыстырғанда барынша көп қолдау көрсетіп келеді.

— Менің қызым биыл 9-сыныпты бітірді. Жалпы орта білім алғаны жайында сертификат алып, колледжге оқуға түсті. Ол жеке бағдарлама бойынша білім алды. Мектепте қолданбалы мінез-құлықты талдау технологиясын қолдана отырып, сүйемелдеу әдісі негізінде барлық жағдайлар жасалды. Бұл оған мүмкіндігінше тиімді оқуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар биыл қызыммен бірге бірнеше мектеп оқушысы бітірді. Сондай-ақ ол «Оқу-өндірістік комбинат» жобасын да аяқтады. Қазір Қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету колледжінің студенті. Онда наубайшы кондитер және тігінші мамандығы бойынша екі арнайы топ құрылған. Қызым тігіншілікті таңдады. Яғни, екі жылдан кейін ол да кәсіп иесі атанады. Қазірдің өзінде ерекше бала болса да, электр тігін машинасында тігін тіге алады. Бұл жағынан алғанда Астанада бәрі жақсы. Бірақ мұның бәрі әлі заңнамалық деңгейде бекітілмегендіктен, аймақтарда да осындай жағдай жасалған деп айта алмаймын, — дейді ол.

БІЛІМНЕН БҰРЫН ОРТА КЕРЕК

Маманның бұл сөзін Түркістан облысы Жетісай ауданына қарасты №44 «Жаңа дала» мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлжамал Лесбекқызы да растап отыр. Ұстаз ерекше қажеттілігі бар балаларды дамытып өз қатарымен теңестіру үшін бір мұғалім мен психологтің еңбегі жеткіліксіз екенін алға тартады.

— Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып жүрген маман ретінде өзекті

мәселені қозғағым келіп отыр. Жас ерекшелігіне сай өз ортасынан алшақтап білім алу үдерісіне қатысып жүрген шәкіртімің талпынысын, дамуын, талабын зерделей келе, бұндай балаларға көп қолдау керектігіне көз жеткізіп жүрміз. Тек білім стандартына сай жұмыс жасап, 42 әріпті танытып, математиканың төрт амалын меңгеруді ғана мақсат етіп алсақ, бұл балалардың мүмкіндіктері расымен де шектеліп қалады. Қазір біз бұл балаларды үйлеріне барып оқытып жүрміз. Қанша дегенмен мектептің базасында арнайы жабдықталған жеке кабинеттерде сабақ өтсек, нұр үстіне нұр болар еді.

инклюзивті білім беруді қолдаудың 708 кабинеті, инклюзивті білім беру бойынша 22 ресурстық консультативтік орталық ашылған.

КАБИНЕТ АШУМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ

Жанна Қалиева инклюзивті білім беру мекемелерін арттыру болашақта аутизмді бар балалардың қоғамға енуіне жағдай жасайды деген пікірде.

— Астана қалалық әкімдігі тарапынан барлық балабақшаларда инклюзияны қолдау кабинетін құру мәселесі көтерілуде. Өйткені бүгінде Тіпті, Аутистік спектрінің

жеткіліксіз дамуы. Сондықтан мұндай ортада олар бір-бірімен қарым-қатынас орната алмайды, дамымайды. Ал әдеттегі балабақша тобына қосылған кезде балалар олармен араласуға тырысады, белсенділік танытады. Егер аутизмді бар баланың басқа дағдылары дамыған болса да, мысалы, оқыса, жазса және т.б., арнайы түзету мектептерінде ақыл-есі кем болып өседі. Нәтижесінде, ертең қоғамға кірігіп кете алмайды, — дейді Ж.Қалиева.

Көктемде Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан БҰҰ-ның Женевадағы Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясында Кедегісіз және Инклюзивті ортаны

Әлемі бөлек

Оның айтуынша, ерекше қажеттілігі бар балаларға сабақ беретін мұғалімдерге көп қолдау керек. Себебі мұғалім мұндай балалармен жұмыс істегенде қалыпты оқушыларға қарағанда әлдеқайда көп ресурс жұмсайды.

— Сондықтан әдіс-тәсілдерді меңгеруге бағытталған курстар, шебер-сыныптар, тренинг сабақтар өткізіліп, педагогикалық қолдау орталықтары жұмыс жасап отырса үлкен көмек болар еді. Мұғалім сол курстардан әдіс алмасып, өзін-өзі дамытып отырса, оқушының үнін тыңдап, қажеттілігін өтей алатын мұғалім болар еді. Бұл жағдайда тек педагог ғана емес, психолог, әлеуметтік педагог, қосымша білім беру педагогтері, логопед, дефектолог сияқты мамандар кешенді жұмыс істеу үшін қолайлы орта қалыптастыру қажет деп есептеймін, — дейді ол.

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының мәліметтеріне сүйенсек, елімізде 15 мыңнан астам балаға аутизм диагнозы қойылған. Аутизм спектрі

бұзылуы жоқ болса да, Зейін жеткіліксіздік және гиперактивтілік синдромы бар балалар жетерлік. Даун синдромы бар балалар да мінез-құлқының ауытқушылығы бар санатқа жатады. Бұл балаларға да АВА терапиясы қажет. Себебі инклюзия ерте балалық шақтан басталуы керек. Мен бір жыл балабақша жұмысына жетекшілік еттім. Сол уақыт ішінде балалардың мінез-құлқы мен әлеуметке араласуы бойынша өте жақсы жетістіктерге қол жеткіздік. Олар топта ғана емес, аулада да адамдармен жақсы тіл табыса бастады. Өкінішке қарай, еліміздің бірде-бір қаласында мұндай қолдау көрсетілмейді, — дейді ол.

Дегенмен инклюзивті білім беру мәселесі мектептерде қосымша қолдау кабинеттерін ашумен шектелмейді. Себебі «менталды мүгедектігі бар балалармен жұмыс істеуде қиындықтар туындайды» дейді маман. Оның айтуынша, инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың тиімді дамуында құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас процесі ерекше рөлге ие. Бұл жерде ең басты

қалыптастыру үшін оқу орындарында инклюзивті білім берудің үздіксіз жүйесінің ұлттық моделі енгізілетінін мәлімдеген еді. Бұл мемлекет тарапынан ауқымда жобалардың жүзеге асырылып жатқанының айқын көрінісі.

ТИІМДІ ТӘСІЛ КЕРЕК

2015 жылы Қазақстан Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады және бұл құжат оларға сапалы инклюзивті білім алу құқығына кепілдік береді. Демек, ерекше қажеттіліктері бар балалар қажетті құралдармен, оқу материалын меңгеруге, өзін-өзі күтуге және мінез-құлықты бақылауға қажетті көмек көрсете алатын ассистенттермен қамтамасыз етілуі тиіс. Осы тұста Жанна Қалиева менталды мүгедектігі бар балалар үшін көп жерде инклюзивті білім беру көзбояушылықтың деңгейінен әрі аса алмайтын тұстары болады деген пікірімен бөлісті. Оның айтуынша, интеллект сақталмаған кезде мінез-құлық проблемаларымен жұмыс істеу қиын.



бұзылған мектеп жасына дейінгі балалар — 7 мыңға жуық. Ал 6 жастан 18 жасқа дейінгі наукастар — 9 мыңға жуық. Сарапшылар статистиканың себебін ерте жастағы аутизммен ауыратын балаларға психологиялық көмек көрсетудің жеткіліксіздігі деп атайды. Алайда Үкімет басшысы Олжас Бектенов ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша қызметтер аясы кеңейіп келе жатқанын мәлімдеді. Мәселе, осы бағытта мектептер базасында

шарт — психологиялық мәдениет пен толеранттылықты қалыптастыру.

— Мамандандырылған мекемелердің инклюзияға еш қатысы жоқ, бұл, керісінше, сегрегация, яғни балаларды бөлу деп түсінеміз. Егер аутизмді бар балалар арнайы түзету мектептерінде немесе арнайы бақшаларда оқитын болса, ол жерде балаларда қарым-қатынас құруға қажеттілік болмайды. Олардағы негізгі проблема — әлеуметтік жетіспеушілік немесе әлеуметтік коммуникативті дағдылардың

— Мәселен, бізде осы уақытқа дейін мыңдаған арнайы кабинеттер құрылуда. Биылғы жылы инклюзивті мектептерде қосымша қолдау кабинеттері ашылады. Иә, балалар педагог-ассистенттердің сүйемелдеуімен білім алады. Шын мәнінде, ТМД бойынша бұл ең жақсы әдістердің бірі болуы мүмкін. Бірақ, өкінішке қарай, психолог, логопед және дефектологтер балалардағы проблемалық мінез-құлықпен қалай күресуге болатынын білмейді. Әсіресе, менталды

мүгедектігі бар балалармен жұмыс істеуде қиындықтар туындайды, — дейді Ж.Қалиева.

Маман оның себебін АВА терапиясы инклюзивті білім беру бағытында міндет-телмеуінен деп есептейді.

— Сондықтан инклюзия да формалды дер едім. Балаларды оқуға апарайды, бірақ олардың мектепте не істейтінін ешкім қадағалап жатқан жоқ. Мен он жыл бойы осы салада жұмыс істеген адаммын. Қызымның оқуын да өзім бақылап отырдым, бағыт-бағдар нұсқадым. Кейіннен бүкіл Қазақстанды аралап шыққанда, инклюзивті білім барлық жерде тиімді жұмыс істемейтініне көзім жетті. Себебі бала тьютормен жүргенде бала күтушісімен жүргендей

Жақында BBC жүргізушісі Крис Пэкхэм «Аутизмі бар адамдардың ішкі әлемі» атты деректі жоба ұсынды. Фильм кейіпкерлерінің бірі — Мюррей — вербалды мүмкіндігі шектелген ерекше адам. Ол өзінің ішкі күйін сипаттаған кезде: «Мен ақпараттық тұман арасында өмір сүремін. Бір уақытта бөлмеде бірнеше адамның әңгіме-дүкен құруы менің санама едәуір салмақ түсіреді, сабырым кетеді. Су — күйзелістен арылуға көп көмектеседі. Себебі ол менен ештеңе сұрамайды, жаным тыныштық сыйлайды» дейтіні бар.

«Аутизмі бар балалар сенсорлық қысым көбейген уақытта оңашалануға, кімнің болмасын бақылауынан қашуға асығады. Олардың үйінен жырақ кетіп қалуының се-



тамшыларымен немесе жердегі шалшық сулармен ойнағанды ұнатады», — дейді Әлібидің анасы.

Өкінішке қарай, біздің елімізде аутизм бар балалардың қаншалықты жиі үйден кететіні, олардың көбіне қай маңнан табылатыны туралы ешқандай дерек жоқ. Бізде әлеуметтік желілерде жарияланып, қоғамдық резонанс тудырған жағдайлар ғана БАҚ беттеріне жарияланып, жаппай іздеу жұмыстары жүргізіледі. АҚШ-та жоғалған балаларды іздеумен айналысатын ұлттық орталықтың дерегінше, бұл елде үйінен шығып кеткен аутизм бар балалардың 60 пайыздан көбі отбасына оралмайды, ал қайғылы жағдайдың 85 пайызы суға батып кеткен балаларға тиесілі.

«2000 жылдардан бастап аутистік спектрі бұзылған балалардың жоғалу дерегі көбейді. Мұндай ерекшелігі бар балалардың бәрі өмірінде кем деген 1-2 рет үйінен кетіп көрген. Себебі олардың ақпарат ағынына деген төзімділігі біз ойлағаннан да әлсіз. Олар тек сыртқы дыбыстан, даланың шуынан ғана шаршаймайды. Кейбірінде иіске төзімділік әлсіз болады. Олардың миы маңайдағы кез келген иісті қорытады және базар-дүкен сияқты жерлерде иістің көптігінен миы шаршап, қашып кетуі мүмкін. Кейбір балалар көріністен шаршайды. Айналасында түстердің көп болуын, яки бұрын үйреншікті болған жерінің өзгеріп кетуін ауыр қабылдап, содан қашады. Соңғы 30 жылдықта аутизм бар балаларды қоғамға бейімдеу ісі дендеп қолға алынғандықтан, олар көрініс, даусы, иістің алуан түрлі болуымен жиі беттесетін болды. Бейімделе алмайтыны, яки ара-тұра бейімге көне алмай, шаршайтыны басы ауған тыныштыққа кете барады. Мұндай ерекше балалармен жиі жұмыс істей бастаған соң біздің орталық олардың іздеудің арнайы хаттамасын бекітті. Оның ең басты қағидасы — үй маңындағы су қоймаларынан іздеу», — дейді орталықтың бөлім жетекшісі Джон Э. Бишоф.

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ?

Өкінішке қарай, соңғы уақытта елімізде аутистік спектрі бұзылған балалардың фактісі жиіледі. Жақында Әуликөл ауданында марқұм болған 16 жастағы бойжеткен Дарья Тайроноваға қатысты қылмыстық іс қозғалды. Өскеменде үйінен шығып, шұңқырдан табылған Темірланның, Қосшыда жоғалған жеткіншектің оқиғасы тағы бар. Бұлар БАҚ беттерінен оқитынымыз. Ал назарға ілінбей жатқандары қаншама?!

Мамандардың айтуынша, мұндай балаларда қорқыныш сезімі төмен болады. Олардың үйінен шығып кетудегі ниеті — тыныштық іздеу, яғни жан тынышын қорғау десек те, су жағалаған ерекше бала ондағы қауіпті сезіне алмайды.

Балалар психологі Санжар Көжеков аман-есен табылған ерекше балалармен сұхбат жүргізген. «Су жағасынан табылған балалардың көбі суға құлап кетпейді, олар өздері мақсатты түрде суға түседі. Өйткені абыржыған бала сумен тактилді жанасу арқылы тыныштала алады және сол күйін ұнатып, суға әдейі беттейді. Яғни, бұл

жерде импульсивті көңіл күйі маңызды рөл ойнайды. Көбіне-көп жүзе алатын балалар батып кетпей, жағаға шығып отырады. Ал ондай машығы жоқтары батып кетеді», — дейді маман.

Шетелдік мамандар аутистік спектрі бұзылған балаларға жүзуді үйде үйретудің маңызын жиі айтады. Бұл бір жағы — оның аласапыран кезінде тынышталуына септессе, енді бір жағынан қауіп туғанда қайғылы жағдайдың алдын алуға көмектеседі.

Психологтердің айтуынша, аутизм бар балалардың ата-аналары балаларының үйінен шығып кетуінен қорқып, түрлі «экстремалды» шара қабылдауға дейін барады. Оның үстіне, күні бойы ақпарат қарқынын қорыта алмаған ерекше балалар, әсіресе ел шырты ұйқыда жатқанда, түн ортасында тыныштық іздеп сыртқа шығып кетуге бейім келеді.

«Баласы бір рет болсын жоғалса, ата-анасы қорқып қалады және кейін оны қорғаудың түрлі амалын істейді. Ниеті дұрыс, бірақ кей тұста артық қыламын деп тыртық қып жатады. Мәселен, баласының қасына ұйықтауға, яки бөлмесінің сыртына құлыптауға, тіптен төсекке байлап қоюға дейін барып жатады. Бұл ерекше баланың психоэмоционалды күйіне тіптен ауыр тиеді. Өйткені мұндай балалардың үйреншікті өмір салтын бұзбаған абзал. Аутистік спектрі бұзылған баланың әр ақпаратты қорытуы үлкен жұмыс. Кейбір ерекше балалар тіптен төсегінің жапқышы ауысса, яки анасының шашының түсі өзгерсе ашуланады. Сондықтан қамқорлық қыларда, олардың психоэмоционалды күйін бұзатын дүниеге абай болу керек. Мамандармен кеңесіп, шешім қабылдаған дұрыс», — дейді Санжар Көжеков.

Әлібидің анасы да бір рет баласын жоғалтып алған соң одан қас-қағым сәтте көз жазып қалудан қорқатын болған.

«Көп жылдар бойы баламның бөлмесінде жерге төсек салып ұйықтап жүрдім. Себебі ешкімге сене алмаймын. Кейінірек түрлі гаджет шықты. Қазір қолсағаты бар, сол арқылы телефонмен бақылап отырамын. Кейде Әліби сағатын бауын кесіп тастайды. Неге екенін өзі түсіндіре алмайды. Ал сағатына басқа түсті, яки басқа материалдан бау салып берсен, ашуланып тақпай қояды. Сондықтан қолсағатқа да көп сене бермеймін», — дейді Жамал Оразбаева.

Түйін:

Елімізде аутизм бар балаларды іздеудің бірыңғай хаттамасы жоқ. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етпек түгілі, қоғамға бейімдеудің өзінде бірнеше мәселе бар. Сондықтан әзірге әлемдік тәжірибені назарға алып, аутизм бар балалардың жоғалып кету ықтималдығы мен оның қайғылы салдары жайлы ата-аналарды көп ақпараттандыру керек. Әйтпесе, Өскеменде Темірлан жоғалған кезде оның анасы өзі келіп қалар деген оймен полицияға бірден хабар бермеген еді. Ал бұл — өте қауіпті синдром.

Кәмила ЕРКІН,
Айдана НҰРМУХАН

ӘЛЕМ

болады. Сабаққа зейін қоймайды, сурет салып қана отырады. Ал ата-анасы оның мектепте үш сағат оқығанына қуанышты. Егер бала қобалжып, өзін-өзі ұстай алмаса, алып кетеді. Ары қарай психолог және логопед, дефектологпен жұмыс істейді. Бірақ, өкінішке қарай, оның мінез-құлқымен күресудің технологиясы жоқ. Сондықтан сабақ осылай өтеді, — дейді маман.

СУҒА ЖҮГІРЕТІН БАЛАЛАР

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлемдегі 100 баланың біреуінде аутизм спектрі бұзылған. Ұлттық статистика бюросының дерегі бойынша, Қазақстанда 12 мыңнан астам аутизм бар бала өмір сүріп жатыр. Аутизм спектрінің бұзылуы жөнінде мәліметтер әлемде әлі күнге бір ізге түскен жоқ. Ғалымдар мұндай бұзылысы бар неше адам тіркелсе, аутизмнің сонша түрі бар дейді. Себебі әр баланың өмір жолы, мінез-құлқы әртүрлі, оған қоса, бұл бұзылысты анықтау мен диагноз қою әдісі де әр мемлекетте әрқилы. Әйтсе де, ортақ бір дүние бар — аутизм бар балалардың жағдайына жіті назар аудару керек, олардың шешілмей жатқан мәселесі көп. Соның бірі — олардың қауіпсіздігі.

Өткен айда Ақтөбеде үйінен шығып кеткен 13 жастағы Кәрім Жетіруды жерлестері бес күн бойы іздеп, ақыры жеткіншектің денесі Елек өзенінен табылды. Қостанай облысында жоғалып кеткен бес жасар Мадина Ерланқызының да мәйіті үш күннен соң өзеннен табылғаны есімізде. Бұл екі бейкүнәнің баспанасынан ұзап кетіп, қайта орала алмауының бір себебі — аутизм бар, бағдары бұзылған. Өкінішке қарай, әлемде де, бізде де аутизм бар балалар жоғалып жатса, басым көпшілігі су жағасынан табылады: кейде тірі, кейде өлі. Неліктен? Ерекше балалардың суға әуес болатынын мамандар қалай түсіндіреді?



Қазыбек Иса деген есім елімізге ғана емес, шетелдегі этникалық қазақтарға да ертеден бері етене таныс тұлға еді. Ел қамына «басын ауырытып», тіл мәртебесін көтергелі тіптен таныстың тағылымдық жағы арта түскен сықылды. Халықтың қалаулысы болудың бір жақсы жағы да осында. Ақынның кешегі Алаштың ақиығы Мағжандар салған сара жолмен саясат арқылы ұлттық мүддені қорғау күресіне бел шешіп кірісуі күрделі мәселе дейік. Дегенмен шет жайлап, шалғай жүрген қандастарға ақынның айтқан бір ауыз жылы сөзі де өте демеу екен. Сол тұрғыда Қазыбек Исаның аластан да зор қолдау табуы тегін емес һәм бүгінгі астары тағдырға қатысты!

Ақынның 2022 жылы жарық көрген сырға толы «Сыртолғау» жыр жинағы биыл Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың аламан бәйгесіне түсіпті. Жолы болсын! Әбден лайық терең толғау, сыршыл лиризмнің жауһарлы наздары оқырманды қуанта алатынына сенім де зор.

Жинақты тура ашып отырғанда, бірден көзге жарқ етіп ілінген бірегей өлең тұр. Өлең емес лирикалық сарын, өлшемі мен үлгісі, тіптен өзгеше өрнекті, өңге дүр. Мінеки, «Дерттізар» жыры! Өлеңнің есім-соиы тіптен салмақты. Құдды сан ондаған ғасырлар қатпарында жатқан қайран бабалардың зары сықылды!?

«...Егіліп көптен жүрегім, өзіңді аңсадым,
Төгіліп кеткен білемін, сезім моншағын...
Боздайды желді үн бір тынбай
Бозінген сарын...
Жаздайғы елдің жұртындай
Езілген шағым...»

Төбе-құйқан шымыр етеді! Көзіңнен төгілген шымқай мұнар арасынан ішкі бір ышқынысың да білінгендей!? Әсиет жазбаған, жазған ақындар көп. Ал мына мұнның шыңырауында тура күшті тебінмен айтылған метатаным (metacognition) сұлбасы тұр. Ерекше ескертпедей серт!

«...Айтатын күнде ғашықтың
зарын білсе еді...
Қайтатын күнге асықпын,
Сағындым сені...
Сапарым бітпей алдымда
жатқан сан мекен,
Атарын күтпей таңның да,
аттансам ба екен...
Егіздер үшін ең ыстық неге сыңары?..
Мені ізде, құсым...
Кеңістік көресің әлі...
Бағыма біткен тұр гүлім
Уақытқа шыдар...
Сағына күткен бір-бірін
Бақыт та шығар...»!?

Лирикалық түренді, өзгеше реңді жыр 1996 жылы жазылса керек. Демек, күрт түбірі түрлі түс, түген түрге бөлінген морф кілтені бар дүние! Бұл — енді өзекті жарып шыққан зар немесе өте тереңдегі лағыл сырлардың ұшқыны.

«Айлы түннен сүт еміп...» таң — дүниеге тамсану Қазыбек Иса ақынға берілген сый. Шын құдіреттен құлаған шым-шым әуендер дүбі — дала дауысымен еніреп келердегі бір дүние — өлең! Емін-еркін самғап жеткен күсни жырдың ел есіне ұя салар тұсында, «үһілеген» әр жүректің дірілін сезгендей боласын! Содан кейін өзінді иемденген бұла күшке қарай мұңлы көзінді жайып тұрып, «...ақынға тағы бір күн ғұмыр берші...» деп жалбарынғандайсың.

Ең бастысы, өлең жауған кештің кеспірі жұққан бозғылт інірді, «...ак жүзіне нұр жұққан...» ана кейпіндегі барқыт түнді, тезек жаққан ақ үйдің теңдессіз сүгіретін елестетесін!

«...Апам жапқан таба нан,
Ұқсап кетті Айға әлгі,
Шоғы көкке тараған,
Жұлдыздарға айналды... »

Қазыбек Исаның өз үні. Бұл поэзиядағы

ЖАДЫДАҒЫ ЖАҢА САМАЛ



ақық ойдың жұғыны!? Мүмкін оны тағы да өлең өрісіндегі бір кысында «рифма» дейтін ұғымға тіркеуге болады. Ғасырлар бойы үздіксіз бүткілұлттық әлемге айналған осы бір қазақы ып-ыстық ырғақтан түрлі мазмұндар өнеді. Қарапайым рәміз секілді құйма тенеулерден құдіретті лептер еседі. Оқырмандар ақындарды шеберлігіне сай — «ешкімге ұқсамау» деген жағынан қарай алмайтын деңгейде емес қазір. Биік талғам да қалыптасқан.

Алайда, Қазыбек Исаның өлеңдеріндегі бейғажайып сызбаларды басқа тілді оқырмандар өз тілінде оқыса — ұлттық өлеңнің түрлі бояулары тағы бір белеске өте шығар ма еді!?

Осындай тосын реңді жырлардың белгілі бір таптауырын қағидаттардан аттап өтуі — (transcendentalis) жаһандық жаңғыруы тек бүгін ғана ізденіс аймағында тұрған жоқ. Кезінде Қытай жауһарларын әлемге таңбалаған Дү Фү (712-770) секілді ұлы ғұламалардың үні басқа болса да, бояулары көшпелі қауым біздікінен онша өзгеше болмаған. Қазыбектің өлеңдерінен тәңірге ұшатын көшпелі тылсым табиғилық реңі бізге етене жаттаулы болса да, басқаға тіптен — соны.

...Тұманды күн. Түнеріңкі ол дағы,
Тасырқатар тастақ жолдың тоңғағы...

Қазыбек өзіне жолыққан мұң мен қуаныштың бәрін көшпелі өркениеттің сұлба сүгіреттеріне байлайды.

Қарап отырып, осы «тоңғақ» сөзінің қолданысына риза боласын! Жол бойындағы әсірекулгін реңнін әйдік шырқауы — өлеңде осылай зерленген. Ұшпалы ұйқас емес, қарлығаштың ұясы секілді жып-жылы шебер жасалған бедер.

Бірақ мен мұнда қандай бір қалып пен жаттанды үлгі туралы айтып отырған жоқпын. Өлеңдегі ешкімге бой бермейтін арын мен екпіннің бірі — екіншісімен нақты байланыста болуы шарт емес. Ауада қалықтаған бұлттардың мұң болып көрінуі — оны көкірек көзімен көре білер ақсепе хас таланты бар ақын елміз. Зәуде кейбір әлетте бей тылсыммен тілдесуші, ерекше жан нәзіктігімен ұштаса келетін сәтті саз шумақтары арқылы дарқан даламен сырласа алар қасиет қонған дарын иелерінің түп ортасында осы Қазыбектер жүр.

Шөліркеген байтақ алап, шырайнала жан біткеннің аңқасына бірдеңе жетпей тұрғанда ұмай дала көгінен ұлпа ансаған дүниеге жыр бұршақтары нәр болып жауады.

...Кең дүниеге кеберсіген ерніме,
Қар ұлпасы қонбай жатып ериді...

— деген бір тосын жолдар тура сезімге оралады. Алтайдың ақық иінді асқарларынан хабаршыға қайырылатын қайран тамшылар сынды. Табиғатпен табиғатша ымдасу!!! Түн мен таңның түйіскен жиегіндегі үлбір шуақтың өлең болып келер һәм жымдасу тұсы осы аралық. Ақынның әлемі басқа ғаламның бір үзіндей дара. Ақын тек өз әлемінің ғана ықтиярында өмір сүреді.

...Саған дейін жазған өлең —
Желқобыздың желігі.
Гөзалыма арналған сөз ғазалым ғой ең ұлы.
Ажарыңа ашылады нәзік ақын көңілі —
Күннің көзі көрінбесе —
Гүлдің қиын өмірі...

Қай кезде де ақын сезімі алысты аңсайды. Шарқ ұруы... Егер жақсы ақын жанүздігер жанашылдыққа қарай жүгірмесе, үнемі қайталанса, онда күллі поэзия шегініске кетері хақ. Шегініс — өз қасіретімен орнайды. Қатерлісі — қаперлі ояу оқырманнан айырылу.

Қазақ поэзиясындағы Тұманбай мен Жүмекеннің, Мейірхан мен Тыныштықбектің, Фариза мен Гүлнәрдің кезеңдері — елдің бүткіл әдебиет өрлеуіне ықпал еткенін байқауға болады.

Тәңірден уақытша қарызға алған рухани ғұмырда өзгенің жамаулы өркениетінің жамылғысы астында мінгірлеп жүру, жарамсақ ода жазумен машықтанудан ақын өзін аулақ, сергек ұстайды.

«...Поэзия — мойнымдағы тұмар-ды,
Көзіңді жұм —
Көрме менің күнәмді...» —

дейді. Сөйтеді де, өрнекті өлеңіменен өзіне-өзі жауап береді. Бұл да ғибрат. Қаймана жұрттың кеудесінде тұмадай тұнған сырды ақын еппен, ұтымды ойларымен актара жөнеледі.

Қазыбекте отан туралы өлең атымен жок... Бірақ «Қарабұлақ» өлеңінде:

«...Басына кеп бір мезгіл байланады,
Желіндері сыздаған бұлттары...»

деген элегия түріндегі шырқау жолдары бар. Қазақтың қасиетті жер-суына деген саф сағыныш, махаббат сарыны! Ол — жер мен суды, ну мен құсты суреттеуге келгенде, бір тылсым «нұнмен» көсіліп-көсіліп алады. Қазыбек ақын — қазақ жер-суының жокшысы.

Бүгінгі қоғамдық су жаңа қарым-қатынас, эволюциялық өмірдегі терең өзгерістерге сәйкес ұлттық поэзия да өз астарын өзгеше өңмен байыта бастады. Ендеше Қазыбектің жырлары шығыстық рауаяттан да — көнеславяндық һауаттан да, Кенестік идеологияның уы сіңген ұрани қалыптан да, тіпті жаңа еуроцентристік үлгіден де өзгешелеу, ұлттық сұрлеумен түрен тартып келеді. XIX ғасыр басында ағылшындар әлемінде найзағай болған үш ірі ақын — Жон Китс (1795-1821), Перси Биш Шелли (1792-1822), Жорж Байрондар (1788-1824) еске түседі! Ал қазақта — Қасым, Мұқағали, Төлеген. Алғашқы ағылшынның үшеуі — біздің соңғы үшеумен үндес. Тіпті, алдыңғысы да, соңғысы да бірінің соңынан бірі мына дүниені тастап, бақилық болса да, поэзия әлемінде жұлдыз кейпінде жанады.

Алайда ішінде Қазыбегі бар қазақ поэзиясы мөрленген (иероглифтік) жүйеден ада келеді деген сөзден аулақтамыз. Бізде бергісі — бес, аргысы — жеті ғасырдың үні бар. Сол үшін тек поэзия әлемінде бағзы француздық аса сергек өткен ұқсас ғасырлардағыдай ұқсас жағдайда келе жатқандаймыз дейміз де. Мысалы, Омарғазы, Тыныштықбек, Мұрат Шаймарандардың идеограмматикалық сарынды поэзиясы келді. Өлең жазатындарды сырт қарасан, бәрі біртекті ұқсас. Ал ішкі «бойы» мүлдем бөлек. Өйткені ол — Поэзия.

Бір кезде, әлем орта ғасырда да, желеу өлеңдермен шала бүлінген. Біз де одан қалыс қалмадық. Өткенді мансұқтаумен арпалысқан кезіміз Мағжандарға келіп тірелгенде ғана есімізді жидық. Бірақ толық емес...

Солай бұл орайда ақында қандай бір «женіс» туралы бедеу өлеңдер көрінбеді. «Женіс!» деп тымақты аспанға атып, біреу үшін көше тұрғызып, гүл қойған жылдардағы түссіз поэзияны да еміс-еміс естідік.

Демек, Қазыбек Исаның терең ойлы өлеңдерінің басталуы мен аяқталуындағы аныс қоңыр елдің қобызының сызылған жыртық сүгірет — тағдыры. Поэзияда кеністік деген ұлы ұғым бар. Сол Кенессіз кеністікте біздің ақындар жаратушы туралы жартықұдайлық жырлар беріп жүр. Оны

ұлы Тәуелсіздіктің шуағы деуге де келеді. Қазыбектердің осы тақырыпта жазған өлеңдері болса, оны осы ғасыр екшемейді. Ол басқа дәуірдің қарекеті, еншісі, мүмкін ол да оқыстан туған өлең шумағындай мәңгі қалуы керек.

Ақында қара халықтық сана, көптік пиғылда (таптық тұрғыда емес — Р.С) жазылған өлеңдер де баршылық. Қара өлеңдегі астарлы қаражібек сарын — соның жұғыны. Оның дәлелі —

«...Ақ бесіктің әулеткен әлдіін,
Әлі жалғап келе жатыр ән-күйім...»

Бұрынғыша, «аштық» жырланбайды, тоқтық — қанағатымен жақсы мәйегі бар қауымға ауысты да. Иә, енді жұртқа жаһани жариялы жырлар ғана керек.

Үндінің Жавахарлал Неруі айтқандай, «кедей-кепшіктің жер кепесінен жетіскен өнер тумады, себебі поэзияның жеткен тұрағы ашқұрсақта емес, мәйекті аukatтылардың санасымен өзектес...» Жуырда ғана айтылған жана жадыдағы жарқын лепес пе дейсің, бірақ бағзыдан ұласқан көмескі ой.

Қазыбектер жүрген қазақ поэзия әлемі енді өз арасынан «одагерлер одағы» деген пәкін-шүкін мәжбүрлік жасаушы жүйені сиамегіз туғызуға болмайды. Мұндағы ең негізгі әңгіме — қазіргі қазақ поэзиясы туралы болып отыр. Дүниедегі ақындардың барлығы өз өмір сүрген дәуірін жақсы көрмеген-ді. Ал қазақ ақындарына XX ғасырды күшпен жақсы көргізді.

Сонау, тіпті Эпикур мен Хафиз де «жезөкше» аристократизмі туралы жырлағанда өздерінің «мені» сол қоғамның құрбаны болғанын жасыра алмайды.

Егер қазақ дүниесі өміршен екені рас болса, ең зау, ең тәңірі өнерді бағындыра алады. Поэзия үшін де қазақ әлемі «ұмытылған ұлт» секілді болып алыста қала алмайды.

Соңғы кездегі Қазыбек өлеңдерінде «ақыл соты» туралы ойлар кездесіп қалады. Шынында, қазақ өлені — «ақыл соты» секілді. Оның алдына барлық дүние жауап береді. Абай... Рух ұлығы ишара еткен... Ешбір конституцияда жазылмайтын әділ шешімдер мөрленеді. Осы ақынның «Ақиқат дауысы» өлеңін оқуға кеңес берер едім. Бұл ырғақтың ішкі жанайқайы нағыз харизматизм!

Қазыбек Исаның «Жапандағы жалғыз үй» атты өлені көшпелі өркениеттің керемет бір бояулы ишараты секілді. Түземдіктердің ішкі тысына үңілу, қайда да бір кезігетін қара бұйра бояу емес, қара мекенін сағынып келе жатқан жыл құсының қаңқылы іспетті ғажайып дүние. Қара шаңырақ, қара бала, қара мекен философиялық ізіне түссең, ең үлкен масштабта бүгінгі Қазақстанды көз алдына елестетесің. Қара өңнің де қандай ғажайып бояу екенін іштей ұғынасың. Сезініс деп осыны айт.

Өлеңнің өсетін кезі және өлетін шағы болады. Өлетін шағы — жарамсақ ода, сөздің киесінен тыс әсірхаостық мағынасыздыққа ұрыну. Өзінің өленінің көтеремдігін білмей тұра, өзін өзгеден өте биік санайтындар бар. Кем емес, арғы жағы ештеңе. Ұлы әдебиеттің саясында бәрі болады. Көшпелі киіз үйдің шаңырағынан көк кеңістігін көруге де. Жалпы, Қазыбек Иса ақынның мұраты — қаймана жұрттың мұраты. «Мұрат» деген бір өлені бар. Көшпелі өмірден ұласқан көшпелі өлең. Өркениет тоздырған өңіне қарай кездейсоқ жазылған өтініштей... Даланың бетіне түскен жаракатты өзінің жүрегіне жабысқан кінәраттай сезіне алатындар ғана осындай ғазиз жырларды жаңбырлата алады.

Сыры терең «Сыртолғау» — бар рухты қазақ оқырмандары мен қарапайымды һәм зерделі жұртқа айтары бар ізденіс аңқыған ішкі арпалыстардың жиынтығы. Сол үшін құнды, дер шағында бағалануы керек дүние.

Ақынның жан дүниесі тек бір ғана заман және осынау уақыт аясындағы тағдырға алаңдайды. Бүгінгі қоғамдық геосаяси жорықтардың түгелі тек қана нағыз ақынның қантамырымен ұласып, өз ұясына қонады. Сол тұрғыда ақынды бағалау — халықты бағалау болмақ. Тек қана елдік һәм ерлік санамен арпалысып жүрген дара ойлы ақынның сағынышына сүйеніп өсіп келе жатқан халықтың үні кең кесілген сарасөз, тамаша лиризмде ғана қалады. Дана қазақтың даласындағы өшпес рухты оқырман тек қана адал бағалауды ғана бақылайды. Уақытты игеруге ниет еткен ақынның бақыты да осы!

Сұраған РАХМЕТҰЛЫ

Автор Үргеніш шаһарын алудың әскери стратегиясын нанымды келтіреді — Үгедей Жейхун-дарияның арнасын бұрып, камалға тасқын жіберуді, алынбас камалдың қабырғаларын су шайғанда ғана барып әскер қаптатуды ұсынады. Пьеса кейіпкері Жошы образын жан-жақты ашуда автор Шағатай мен Үгедейдің камалды алу үшін қала халқын қырып тастауға даяр аяусыз жауыздықтарын, ал Жошының камал ішіндегі жас балалар мен кәрілерге жаны ашып, қантөгіске қарсы болуын суреттеу арқылы Жошының адамгершілік қырын бейнелейді. Осы көріністерде Шағатай, Үгедей және Жошының адами бет-бейнелері кейіпкерлердің нақтылы іс-әрекеттері арқылы ашыла түседі — Шағатай мен Үгедей әке бұйрығын орындамау қылмыс, Ұлы Жасақ Ережесін бұзуға болмайды деп тиран-әке алдында өздерінің жеке пікірлері жоқ, жазықсыз қала халқының тағдырынан гөрі жаны аман қалуын ғана ойлайтын орындаушы-қасапшылар дәрежесінде болса, Жошының: «Әкеміз «Әр істің өз шешімі бар, соған сай әрекет етіндер» деген сөзін алға тартуы арқылы басты кейіпкердің тұлғалық болмысын аша түсіп, ақылды, көреген, әділетті адам екенін бейнелейді... Ақыры, камал алынады, жауыздардың дегені болады, қала халқы жас, кәрісіне қарамай түгел қырылады. Жошы жүрегіне шемен боп қатқан бұл жауыздық Жошы образының даму перспективасын айқындайды...

Жошының анасы меркіттердің қолына түскенін, Бектомыштың атасы Тоғырыл хан Жақамбыны аттандырып, анасы екеуінің әулетімен табысу оқиғасын, Бектомыштың жетігенмен салған әнін естігенде Қыпшақтың кең сахарасы есіне түсуі сахналарын автор шебер суреттей отырып, Жошының ішкі күйзелісін, Үргенішті алғанда Үгедей мен Шағатайдың қала халқын қынадай қырғаны, жазықсыз елдің трагедиясы жанына батқан Жошының жан дүниесі иірімдерін, психологиясын дөп басып, күрделі образ сомдаған. Жошы образы әйелімен диалогында ашыла түседі, күрделене түседі. Қан шеңгелдеп туған Шыңғыс әмірін Тәңірдің бұйрығындай орындатуға дағдыланған тиран екенін, бұл жолда алдында туған баласы тұрсада, басын алар қатігез екенін біле тұра Жошы өз идеясы — әділдік идеясы жолында өз жанын құрбан етуге баратын адам екені Жошының әйелімен сахнасында нақтылана, шегелене түседі.

Драмалық шығарманың басты қағида-сының бірі — оқиғаны интригаға құра білу. Интрига көрерменді алдағы болар оқиғаларға ынтықтыра түседі, бұның аяғы немен тынар екен деп тағатсыздана күттіріп қояды. Осы тұрғыдан алғанда пьесада Құлан қатын образы өзінің күрделілігімен, тереңдігімен ерекшеленеді. Құлан қатын алғашқы көрінгеннен бастап-ақ сарай интригасының басты кейіпкері боларына сендіреді. Автор Құлан қатын мен Көкеш баксы образдарын шебер тапқан. Құлан қатын тақ таласы жолында Құлқан ұлын Шыңғыс ханның орнын басар мұрагері ретінде көреді. Ал Көкеш баксының зымыяндығы тіпті тереңде — ол Есугейдің ұрқында кеткен атасы мен әкесінің кегін алуды, Темужиннің мойнындағы жеті атасының кегін қайтаруда канға қан, жанға жан деп, жауынан өш алуды жатпай-тұрмай ойлап жүрген жан. Тақ таласы, бақ таласы жолындағы осы жанкештілік екі кейіпкердің бойында тоғысып, шығарма шығараланын ширата түседі. Әрі, бір-біріне аса сене қоймайтын, сауысқандай сақ, керек кезде бірін-бірі сатып кетуге даяр осы екі кейіпкердің диалогтары да пьесаның тартыс атмосферасын күрделендіре түседі.

Меркіттердің соңғы ханзадасы Қолтуғанның тұтқынға түсіп, Шыңғыс ханның құзырына келтірілген сахналарда Жошының образы айшықтала түседі. Ерді ер таниды — Жошы Қолтуғанның дала көкжалындай қайсар, ер екенін таниды, садақ тартудан асқан мергендігін бағалай біледі, Шыңғыс ханнан сауға

Думан Рамазанның «Жошы Хан» пьесасы Үргеніш шаһарын Жошы, Шағатай әскері қоршап тұрғанынан басталады. Жошымен бақталас Шағатай: «Қамалды қоршап тұрғанымызға бір ай болды, елші жіберейік деп қоймадың», — деп Жошының қолбасшылық дарынына әдейі күмен келтіре сөйлеп, қалың қолдың бір ай бойы қаңтарылып тұрғанына Жошыны кінәлайды. Автор «Қамалды алу жолын таппай тұрып бостан-босқа шабуыл жасай бергеннен не таптың, сарбаздарды қырып аламыз» деген Жошының уәжіне Шағатай қарсы шығып, қылышын ала жүгіруін суреттеу арқылы пьесаны әп дегенде конфликтіге құрады. Үгедей әкелген Шыңғыс ханның хатында қаһарлы Қағанның Үргенішті ала алмай тұрған екеуіне қатты ашулы екені айтылып, шығарма арқауы тіпті ширыға түседі, қаһанның хатынан кейін әке бұйрығын қапысыз орындап үйренген Шағатай ащы тілін Жошыға сұға түседі...

КЛАССИКАЛЫҚ ҮЛГІДЕ ЖАЗЫЛҒАН



сұрап, Қолтуғанды өзіне серік етуіне рұқсат сұрайды. Шыңғыс ханның алдында Құлан қатынның: «Қолтуған елімнің соңғы ханзадасы, тектісі еді» деп шырылдап араша түсуі пьеса темпо-ритмін шыңылдата бұрай түседі. Қолтуғанның Шыңғыс ханға бас имеуі, жауының қанжарын жұлып алып, өзін-өзі тамақтан орып жіберіп қаза табуы да «жаным — арым садағасы» дейтін дала батырларының мінезін көрсетеді...

Шыңғыс ханның қас жауларының бірі, иен далада құйындай ұйытқып, жауларын сан мәрте сан соқтырып кеткен Жалаладдиннің ұлы, он үш жастағы қыршын жасқа да Жошының араша түсуі, Шыңғыс ханның әлі бұғанасы қатпаған немересі Батудың қолына қанжар беріп «Жалаладдиннің баласын жарып өлтір» деуі де оқиғалар шиеленіскен үстіне шиеленісе түсіп, сахна атмосферасы қыза түсуіне қызмет етіп отырады.

Автор кейіпкерлерін ірі, кесек мінезді, батыр болмысты ете сомдаған — Шыңғыс хан өзі шығарған заңды орындамаған Жошыны өлім жазасына кесер тұста Төле, Үгедей, Жебе-ноян, Отшығын баһадүрдің, Сүбедейдің араша түсуі жарты әлемді жаулаған Шыңғыс хан әулетінің шын мінезін, мәрттігін көрсетеді. Кейін, Шыңғыс хан мен Құлан қатын сахнасында автор Шыңғыс ханның ауызымен «Ұлдарымның ақиқатты айтқанан қорықпаймын. Шындықтан қашқан күні жүрер жолымыздан адасармыз...» деуі арқылы Шыңғыс ханның Жошының шыншыл мінезін жақтайтынын, өзінің Шағатай мен Үгедей жағында емес, «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ...» дей алатын батыл да әділ Жошы жағында екенін білдіріп өтеді... Шыңғыс хан мен

Жошының арасындағы соғыс, қырғын, билік туралы пікір қайшылығы салмақты ой толғанысына толы. Автор кейіпкерлер диалогы арқылы адам баласы пайда болғалы тоқтамай келе жатқан соғыс, қанға тоймас қылмысты билік табиғаты туралы ой тастайды. Жошы қаһарлы әкеге әлемді қылышпен бағындырамын, жеке-дара билік жүргіземін деу астамшылық екенін, қанды биліктің дәуірі қысқа боларын қаймықпай білдірсе, Шыңғыс хан өзінің, ұрпағының Көк Тәңірінің қалауымен күдіретті сәуледен жаралып, адамзат баласын билеуге бұйырылған ерекше жаратылыс екенін айтып, ал артық туған Шыңғыс хан үшін билікке жету жолында адам қанын төгу тышқан мұрынын қанатқанмен бірдей екеніне сенімділігін жеткізеді. Жошының Кетбұға жыраумен сахнасында да Жошының қантөгіске қарсылығы, Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегіннің заманын еске алып, түркі жұртының «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» дәуірін ансауы пьеса кеңістігінің көкжиеген кеңейте түседі.



Автор
кейіпкерлерін ірі, кесек
мінезді, батыр болмысты ете
сомдаған — Шыңғыс хан өзі
шығарған заңды орындамаған
Жошыны өлім жазасына
кесер тұста Төле, Үгедей,
Жебе-ноян, Отшығын баһа-
дүрдің, Сүбедейдің араша
түсуі жарты әлемді жаулаған
Шыңғыс хан әулетінің шын
мінезін, мәрттігін
көрсетеді.



Драматург Көкеш баксы мен Құлан қатынның бір заманда Шілгер көсемнің Бөртеге жасаған зорлығы Шыңғыс ханның ішіне шемен болып қатқанын ұтымды пайдалана отырып, Қаһан мен Бөрте балаларының арасына от тастап, әсіресе Жошының көзін құрту үшін жасаған айлакерліктерін орынды қоса отырып, оқиғаны шиеленістіріп, сюжетті байыта түседі. Көкештің Бөрте туралы өсек таратып жүргенін естіген Шыңғыс хан баксының «Ей, Темужин! Сен мені өлтіре алмайсың! Мен Көк Тәңірінің жердегі көлеңкесімін. ...Мені өлтірсең, Көктің қаһарына ұшырайсың!» дегеніне пысқырып та қарамай, Отшығын баһадүрге өлтіртуі



қаһанның әр ісін Құдай қолдайтынына, өзінің Көктің тандау түскен біртуар жан екеніне сенімді екенін білдіру арқылы Шыңғыс хан образының бояуын қанық қылып, әр қырынан аша түскен.

Қаламгер, пьесаның финалында, заманында ұлы империя құрған, даналығы мен қайшылығы мол тұлғалардың бір-біріне ұқсамайтын образдар галереясын жасаумен, оқиғалар легін тарихи фактілерге сүйене отырып қисынды құру, тіл байлығын, бейнелі сөздерді орынды жеріне пайдалану арқылы шебер түйіндей білген. Автордың «Жошы хан» пьесасын жазарда шетел тарихшылары мен Қазақстан тарихшыларының еңбектерін мұқият зерттеп, жазушылық көркемдік призмасынан өткізе зерделегені көрініп тұр. Мол дерек, дәйектерді қорытып, сығымдап, ұзыннан-ұзақ тарихи фактілердің жетегінде кетпей, ең маңызды дегендерін іріктеп алып, бір жарым сағаттық қойылымға сыйғыза білген. Осының арқасында көрермен Шыңғыс ханның төрт баласына қайқы қылышымен өзіне қаратқан ұлан-ғайыр жерді бөліп беруін; Каспий теңізі мен Арал теңізіне, Ертіс өзенінен Орал тауына, Сырдария аймағы, Қойлық пен Сақасынның Бұлғардың жеріне дейінгі аймақ Жошының иелігіне берілуін, Жошының Ұлытауға Орда тігуін, өзі басқарған елді білімге, қазба байлықтарды игеріп, шетелмен сауда-саттық жасауға, ел басқаруда әділетті ту етуіне қанық болады. «Жошы хан» тарихи драмасын Астананың Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық драма театры сахналап, спектакль көрермендердің зор ықыласына ие болды. Премьераны Президент Қасым-Жомарт Тоқаев келіп көріп, спектакль аяқталғанда сахнаға көтеріліп, авторы Думан Рамазанға, актерларға ризашылығын білдірді. Думан Рамазанның «Керей—Жәнібек» тарихи драмасы Әбілхайыр ханның тепкісіне шыдамаған елді ертіп Жәнібек, Керей сұлтандардың қиын-қыстау заманда Қазақ хандығын құру жолындағы даңқты ерлігін суреттесе, «Абылай ханның арманы», «Кенесары — Күнімжан» тарихи драмалары да талай мәрте жер бетінен жойылып кету қаупі төнген, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламалардан» аман қалған қазақ халқының тәуелсіздікке жетудегі тар жол, тайғақ кешуін, жанкешті тағдырынан сыр шертеді.

Суреткердің бұл шығармасы классикалық үлгіде жазылған, тілі шұрайлы, қысқа берілетін монологтарға мол мағына сыйғызған, диалогтары шебер туынды.

Қорыта айтқанда, жазушы-драматург, тарихи драмалары республика театрларының сахнасында жиі қойылатын Думан Рамазанның «Жошы хан» драмалар жинағы — Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа әбден лайық еңбек.

Асылбек ИХСАНОВ,
жазушы-драматург

Тыңдарман арасында хит әнімен танылып, қағытпа қалжыңымен елге белгілі болған өнер адамдарының бірінен кейінгі бірінің ісі халықтың көзінше сотта жиі талқыланып кетті. Оған қоғамдық орындарда ерсі қылық көрсетіп, бейәдеп сөз айтуы себеп болған. Әртістердің әрекетіне қарап сахна адамының мәдениеті қайда деген сұрақтың туындайтыны анық. Халықтың сынына ұшыраған азаматтардың қылығы бірінші рет емес, былтыр да жұрттың дауын тудырып еді. Кей жұлдыздар «Атың шықпаса, жер өрте» дегендей-ақ жылына бір рет жаңа қырымен елді елең еткізетін синдромға шалдыққан сияқты.

СЫМБАТ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

МӘДЕНИЕТСІЗ ӘРТІСТЕРДІ МЕДИАҒА ШЫҒАРМАҒАН ЖӨН

Ұшақ борттыңда бірінші танымал әзілкеш Қабатовтың, кейін Қайраттың шу шығаруы көпшіліктің қызу талқысына түсті. Жазалары бірнеше тәулікке қамауымен өтелді. Ал 7 жылға жүргізу куәлігінен айырылған Төреғалидің де жағдайын ел біледі. Жұрт алдында жүріп ашуға булығып, ақылынан адасқанның тірлігін жасаған өнер адамдары кінәсін мойындап, жазасын өтеуде. Ашығын айтқанда, мұндай жағдайларға қоғамның бір бөлігі көз жұмып қарағанымен, бір тараптан сынның астына алып жатқандар да табылды. Сотқа ұласқан істің кең таралуына басты себеп — қазіргі технологиялардың қарыштап дамуы. Өнертану (PhD) докторы Молдияр Ергебек қазіргі әртістердің қоғамдық орындардағы мәдениетсіз әрекеттерінің жиі болуын жаңа медиа, жаңа коммуникация технологияларының дамуымен байланыстырып отыр.

«Біз қазір дамыған технологиялар дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Қазіргі болып жатқан жағдайлардың бәріне бір-ақ нәрсе себеп. Ол — медиа. Сондықтан оларды қай жерден тыйып тастаймыз десек те мүмкін емес. Бірақ өнер адамдарынан сол атқа лайық болуын, этикаға сай жүруін талап ете аламыз. Десек те, жаңа медиа дәуірінде осы тыңдарман, көрермен тарапынан қойылған талаптың 100 пайыз іске асуы мүмкін емес», — дейді ол.

Өнертанушы өзін сапалы деп бағалайтын медиа қанша жерден халыққа өтімді қалжыны бар әртістер мен танымал әннің орындаушылары мәдениетсіздік көрсеткен жағдайда олардың жұмысын таратпауы керек, сонда өздері-ақ автоцензура жасауы мүмкін деп есептейді.

«Қандай да бір сахна адамы көпшіліктің этикасына жақпайтын іс-әрекет жасаған болса, сол әртістің кейінгі жұмыстарын медиа таратпауы керек. Міне, сол кезде ғана мәдениетсіздік істермен аты кірленген, репутациясына нұқсан келген сахна адамдары өздерін мәдениетті көрсетіп, жөнделе бастайды», — деп пайымды пікірін білдірді.

КАТАР БОЛҒАН ІСТЕР КҮМӘНДІ

Өнерімен танылған әртістер көпке үлгі болуы керек дегенді алға тартқан мәдениеттанушы Бердалы Оспан сахна мәдениетінен бөлек, қоғамдық орындарда да тәртіпті қатаң сақтау керектігін айтады. Сондай-ақ заңның лауазымға, танымалдыққа қарамастан бәріне ортақ екенін негізге алды.

Бірі қойса, бірі бастар сахнаның

«еркесі-ай»!

«Елдегі миллиондаған азаматтың әрқайсысына бөлек-бөлек заң шығара алмаймыз. Халық — біреу, заң да — біреу. Кешегі танымал адамдардың әрекетіне қатысты «Баяғыда халық сал-серілердің еркелігін көтерген екен» деген пікір оқыдым. Шынында, сал-серілер халықтың еркесі болған мәдениеті биік өнер адамы еді. Ал қазіргілердің істеп отырғаны жай «еркелік». Заң алдында бәрінің құқы бірдей және оған бағынуға тиіс. «Семіздікті қой ғана көтереді» демей ме қазақ? Бұл жұлдыздар танымалдықты көтере алмаған секілді», — дейді мәдениеттанушы.

Қазіргі экраннан көрсетіліп жатқан арзанқол әзілдер шоу-бизнестің негізгі форматына еніп кеткен. Соның ішінде жүрген кей әртістер өздеріне жүктелген міндеттерді толық атқармай, шектен шыққан әрекет жасайтынына көпшілік куә. Мұндай жағдайдың алдын алу немесе азайту үшін біріншіден, сахна адамының өзі күресуі керек. Егер қателік жіберген жағдайда аға буын өкілдері тарапынан айтылған кеңестің де маңызы зор. Мәдениеттанушы Бердалы Оспан әншілердің қоғамдық орында жұлдыздардың мәдениетсіздігіне байланысты ешқандай аға буын өнер адамының ой саларлық пікір білдірмеуіне ашынғанын және атын шығару үшін әдейі бұзықтық жасау бұрын да болғанын айтты. Сонымен қатар елге танымал өнер адамдарының бірінен соң бірі айыпқа тартылып жатқаны күдікті болып тұр деген екіұшты ойға келгенін жасырмады.

«Елдегі адамның біразы заңды біліп қалды. Бұзғанына қарай қандай жаза қолданатынынан да хабардар. Соған қарай жеңіл қылмыс жасауы мүмкін. Шоу-бизнесте жиі болып тұратын нәрсе бұл. Атын атамай айтайын. Сахнада тұрып «5 тәулікте ешқайда шықпай дайындалып

келдік, енді Қ. азамат кетті дайындыққа» деп жағдайларын қалжыңға араластырып отыр. Зал толы көрермен соған күледі. Бұл — елдің рухани тоқырауына алып келетін нәрсе. Баяғыда түріктің Азиз Несин деген жазушысы мен Қалтай Мұхамеджан ағамыз бір сатира әртісінің концертіне барыпты. Сонда күлкісіз шыққан ағамыз «Біз арзанқол әзілге күлетін жағдайға жеткеніміз жоқ» деген екен. Ал қазір жағдай мүлде басқа болып тұр», — деді ол.

Мәдениеттанушының пікірінше, танымалдыққа ие адамдардың осындай ерсі әрекеттерін ел алдында талқылау керек. Өйткені бір шаңырақ астындағы елге заң да бір.

«Кей әншілерді жас деп істеген қателігін сынға ала бермейді. «Әлі жас» деп айтуға болмайды. Қошқарбаев Рейхстагқа 21 жасында ту тіккен. Енді осындайда менің қарным ашып отырғаны, жасы үлкен атакты әншілер ақыл айтып, өнер әлемінің тәртібіне шақыру керек. Біреудің қателігі екен деп отырмай, оған ұялу керек еді. Өнердегі «елдің қаймағы» болуға ұмтылып, өзінен кейінгілерге үлгі көрсетуге тырысса, өнердегі мәдениетіміз де, еліміздің әлем алдындағы мәдениеті де өсер еді», — дейді Б. Оспан.

Осы кезде мәдениеттанушылар арасында екіжақты пікір пайда болды.

СЫНҒА АЛЫП, ТҮЗЕЙ АЛМАЙМЫЗ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мәдениеттану лекторы Айжан Нұрхамитқызы танымал тұлғалардың тергеуге жіберілген ісін халықтың

көзінше талқылау дұрыс емес екенін және оның мәдениетсіздікке жататынын баса айтты.

«Ел алдында жүрген адамдардың сахнадан тыс жасаған қателіктері мен ерсі қылықтарын өздері рұқсат бермейінше, көпшіліктің назарына шығармаған дұрыс. Оның керегі де жоқ. Өйткені тергеліп отырған тұлға рұқсат бермесе, оны талқылап жатқан қоғамның ісі тікелей мәдениетсіздік болады. Өйткені репутациясы жоғары тұлғаларды талқылау арқылы өздерінің абыройы мен рейтингін ойлайтындар да көбейіп кетті. Кейде баспалар өздерінің рейтингі үшін танымал адамдарды талқылап жатады, бұл мәдениеттанушы ретінде субъективті үлкен қателік деп ойлаймын. Мүмкін, халықтың алдына салу арқылы оларды тәрбиелейміз деп ойлайтын шығар. Бірақ толық қалыптасып қойған тұлғаны тәрбиелеу мүмкін емес», — дейді А. Нұрхамитқызы.

Сонымен қатар мәдениеттанушының пікірінше, сахнада жүргеннің барлығы сауатты адам болғанымен, олардың кей іс-әрекеттері өзінің алдындағы өнердегі ұстаздардан тәлім алмағанын көрсетеді. Өйткені сахна мәдениетін тек өнер адамы ғана біледі және оған қойылатын талап та күрделенуі керек сияқты.

Өнер адамы үшін халықтың ықыласына бөленгеннен асқан марапат жоқ. Осындай марапатқа ие боламын дейтін әр сахна адамы хайппен емес, байыппен, нағыз өнерімен танылуы керек-ақ. Танылудың «жаңа» жолымен бір сәтте жарқ етіп алған атактың ұзаққа бармайтыны анық.

Ал заң — бәріне ортақ. Құқық бұздың ба, заң алдында жауаптысың. Ел «еркесімін» деп еркелеп жүрген жұлдыздардың да мұны ескергені жөн болар.

Еддос СЕНБАЙ

БІЛГЕНДЕРГЕ АНЫҚТАЙ,
БІЛМЕГЕНДЕ ТАНЫҚТАЙ...

Жасанды интеллекттің қолданылмайтын жері жоқ. Бұрын ол шығармашылық саласына бас сұға алмайды, санасы жетпейді деп есептелетін. Бірақ қазірдің өзінде ЖИ ақпарат құралдарына жаңалықтар әзірлеп, мақала жазады, ЖИ «қаламынан» туған әдеби туындылар пайда болды, ол сондай-ақ музыкалық шығармалар шығара бастады.

ЖИ құралдары интернетті барынша дербестендіреді. Мысалы, министрліктердің, әкімдіктердің, өзге мемлекеттік органдардың ресми интернет ресурстарында, eGov порталында және оның сервистерінде қазақша, орысша, ағылшынша, сондай-ақ «Көру қабілеті нашар адамдарға арналған нұсқа» бар. IT маманы Абылай Аманбайдың айтуынша, болашақта соның қатарына «ЖИ» нұсқасы қосылары даусыз. Себебі ЖИ арқасында әлемде көру не есту қабілетінен айырылған адамдарға арналған виртуалды көмекшілер жасалып, дамытылып жатыр.

«Адамдарға кез келген дерлік салада кез келген дерлік міндетті шешуге көмектесе алатын ЖИ негізіндегі агенттер пайда болды. Олар, мысалы интернетте жарияланған барлық ақпаратты лезде қорытып, бәс тігушілерге, былайғы жанкүйерлерге қандай ұлттық құраманың, не спорт клубтың немесе спортшының бабында екенін, жеңіске жетуге жағдайы жететінін айтып береді. Олар математикалық күрделі тапсырмаларды шешуге үйренді», — дейді сарапшы.

Олар өтінішті, ғашықтық хатты, диплом мен диссертацияны қалай сауатты жазуды; стикерпак жасауды; қандай да бір затпен бүлінген киімді еш дақ қалдырмай қалай жуып тастауға болатынын біледі және жөн-жобасын көрсетеді. Жасанды интеллект кез келген мамандықтың зеріктіретін техникалық міндеттерін өз мойнына алады да, адамға оның шығармашылық, коммуникациялық, креативтік қырларына назары мен күш-жігерін шоғырландыруына мүмкіндік береді. Осылайша, біз ЖИ төңкеріс жасайтын жоғары технологиялық болашаққа аяқ басқанымызды байқамай қалғандаймыз.

ЖИ-ГЕ БІЛІК ЕТУГЕ
БІЛІК ДАЙЫН БА?

Сарапшылар бұл мәселенің жай-жапсарын егжей-тегжейлі, нысаналы талдау үшін оған Үкіметтің жеке отырысын арнаууды, ең қырыса, Сенат пен Мәжілісте жеке парламенттік тыңдау өткізуді ұсынып келеді. Алайда білік органдары әзірге бұдан бас тартып жүр.

Тек өткен маусым айының соңында, Үкіметте Премьердің орынбасары—Үкімет аппаратының басшысы Ғалымжан Қойшыбаевтың төрағалығымен шағын жабық кеңес өтті. Журналистер қауымы жіберілмеген жиыннан Үкіметтің баспасөз қызметі шағын ғана мәлімет таратты, онда кеңесте азаматтар мен бизнеске арналған мемлекеттік қызметтерге жасанды интеллект элементтерін енгізу мәселесі талқыланғаны атап өтілген.

Бірақ сарапшылардың айтуынша, Үкімет әзірге ЖИ-ді жаппай, батыл енгізуден қорқасоқтап отыр. Өйткені әлемде ЖИ тыңшылық жасау, мемлекеттік, өнеркәсіптік құпияларды, азаматтардың дербес деректерін ұрлау үшін де пайдаланылады.

Қазақстанға да жасанды интеллект (ЖИ) келді. ЖИ білім жүйесіне енгізіліп жатыр. Ол табиғи апаттарды бақылап, мониторинг жүргізуге жәрдемдеседі. Тіпті, шекарадағы электронды кезектерді ретке келтіруге жұмылады. Ауыл шаруашылығына берілетін барлық субсидияның, өзге қолдау қаржыларының әділетті бөлініп, нысаналы жұмсалудың ЖИ қадағаламақ. Осы және басқа жаңалықтарды ілгерілету үшін алдағы оқу жылында тарихымызда тұңғыш рет ЖИ мамандарын даярлау басталады.

ТӨРЛЕТ,
ТӨРГЕ ОЗ,
ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТ!

Мұның сыртында жаһанды жалпағынан баса бастаған жасанды интеллект бір сырды біліп қойса, ұмытпайды. Ол пара алмайды, қоқан-лоққына мыңқ етпейді, қылмыстық қудалап, түрмеге қамаумен қорқыта алмайсың. Ол бір жерден білген құпиясын екінші жерде еркін бөлісе алады.

Ал Қазақстанда киберқауіпсіздік саласы, хакерлік шабуылмен күрес тетіктері енді ғана жетілдірілу үстінде, дамудың бастапқы сатысында тұр. Сондықтан жабық кеңесте вице-премьер қауіпсіздікке бірінші кезекте баса көңіл бөлуді жүктеді.

—Үкімет өмірдің барлық саласында ЖИ енгізу үшін белсенді жұмысын жалғастырады. Бұл ретте деректердің қауіпсіздігіне және заңнамалық нормалардың сақталуына ерекше назар аударылатын болады. Мұндай шаралар азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға және бизнесті дамытуға ықпал ететін мемлекеттік басқарудың неғұрлым тиімді және ашық жүйесін құруға бағытталған, — деді Ғалымжан Қойшыбаев.

Бұл істе алға көш бойы ұзап кеткен АҚШ, Еуропа, басқа дамыған елдерден айырмашылығы сол, Қазақстанда ЖИ-ге арналған жеке заң әлі күнге қабылданбаған. Тіпті, жеке мемлекеттік бағдарлама жоқ. Цифрлық даму министрлігі әзірлеп, 2024 жылғы ақпанда қоғамдық талқылауға шығарған «Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» жобасы сол бойы пысықтауда жатқан көрінеді. ЖИ енгізуге бағытталған алғашқы қадамдар 2017 жылы қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында

жасалды және ол ЖИ-ді денсаулық сақтау саласында өрістуге бағытталды. Жекелеген ісшара «Цифрландыру, ғылым және инновация есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы аясында көзделді. Бірақ бытыр бұл ұлттық жоба күшін жойды.

Қазір «Қазақстанның 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары» және «Цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен киберқауіпсіздік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» сияқты бірқатар стратегиялық құжатта жасанды интеллект бағыты бойынша кейбір міндет пен іс-шаралар ішінара ғана айқындалған.

БІЗДЕРДЕ МЫНАДАЙ БАР,
МЫНАДАЙ БАР!

Жуырдағы Үкіметтегі кеңесте ЖИ-ге қатысты жобалардың бірен-сараны ғана қаралған екен. Онда бірқатар мемлекеттік орган өз саласында жаңа ЖИ-қызметін енгізу нәтижелерін ұсынды. Атап айтқанда, жасанды интеллектке негізделген білім беру көмекшісінің, дүлей табиғи апаттарды мониторингтеуге арналған сервистің, Қазақстан шекарасындағы электронды кезектер жүйесінің, «Бәйтерек» холдингідегі бизнес-процестерді автоматтандырудың тұсауы кесілді.

Кеңес барысында вице-премьер «Бәйтерек» холдингіне қызмет көрсетудің «бірыңғай терезесі» қағидаты бойынша барлық қаржылық қызметті eGov мобильді қосымшасына шығаруды жүктеді. Сондай-ақ жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін пайдаланып, мемлекеттен түрлі қолдау қаражаттарын алу үшін бизнестен түсетін қаптаған өті-

німдер легін қарау мерзімдерін едәуір қысқартуды және бизнеспен жұмыс істеудің проактивті форматына көшуді тапсырды. Цифрлық даму министрлігінің мәліметінше, Қазақстан бұл процеске кеш кіргеніне қарамастан, бүгінде жасанды интеллектке қатысты бірқатар жоба түрлі салада іске асырылады.

«Мәселен, денсаулық сақтауда қашықтан медициналық қызметтер көрсету, роботтандырылған әдістерді және жасанды интеллектті енгізу бойынша жобаларға қолдау көрсетіледі. Инсульт белгілерін диагностикалауға көмектесетін Cerebra жобасы (Almaty A.I.Lab), ортодонттарға жақтың компьютерлік томографиясын жедел оқуға, өңдеуге, кінәратты табуға көмектесіп, лезде жеке ортодонтиялық талдау жүргізетін А.Исатаевтың Aident стартапы, электрокардиограмманы қашықтан декодтауға арналған Smart ECG, Pneumonet жүйесі, ForUs Data ЖШС-ның Mgraph-Net жүйесі, Galamat-тың Arnica PACS-Systems, Uniq ai (дәріханалар) және басқа да жобалар қолға алынды», — деп хабарлады министрлік.

ЖИ-ді Smart City бағытында енгізуді қарастыратын бірнеше жоба бар екен. Соның ішінде атактысы әрі атышулысы — ешбір инспектордың, өзге де маманның бақылаусыз, жол жүру ережелерінің бұзылуын өз бетінше анықтап, айыппұл жазатын «Сергек» қоғамдық және жол қауіпсіздігі жүйесі (Open Technologies Group ЖШС).

Мұның сыртында, «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ жүзеге асыратын «Қала басшылығы үшін көрсеткіштердің бөлінген динамикасы бар ахуалдық орталық», «Алматы қаласының мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі Қауіпсіздіктің кешенді жүйесі», «Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі» жобалары да ЖИ-ге құрылыпты.

Бұдан бөлек, министрлік ЖИ-ге арқа сүйеген және негізінен қала көшелерінде енгізіліп жатқан келесі жобаларды атады. Арасында қалалық инфрақұрылымға арналған зияткерлік ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер: Smart City тұжырымдамасындағы көлік, экология, энергетика және деректерді талдау (Smart city ғылыми-инновациялық орталығы); нөмірлерді, тұлғаларды тану жүйесі және жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды тіркеу («Ақпараттық және есептеу технологиялары институты» ШЖК РМК); TargetAI ақылды бейне аналитика платформасы (TargetAI Limited ЖШС) және басқалары бар.

Өнеркәсіп саласында мынадай жобалар іске асырылды: «Бәйтерек» холдингінің Ахуалдық орталығы, Мұнай өңдеу және өткізу тиімділігін басқару орталығы, «Газпром Нефть» ММӨЗ ГОБKK қондырғысының цифрлық егізі (Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Сандық технологиялар және технологиялар институты жобалары).

Жер қойнауын пайдаланушылардың өндірістік процестерін оңтайландыруға арналған өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру технологиялық платформасы, Brains жасанды интеллект өнеркәсіптік платформасы (Tech Garden.IntelliSense-LAB цифрлық өнеркәсіп орталығы), ұңғымалардағы инциденттерді көпфакторлы талдау негізінде геологиялық-техникалық іс-шараларды іріктеуге арналған Neuron Oil платформасы қолданысқа енгізілген.

Үкіметтің сарапшылары жасанды интеллектті енгізу бойынша біраз проблема барын анықтады. Біріншіден және ең бастысы — ЖИ және оған құрылған жүйелер заңнамалық реттелмеген.

Екіншіден, ЖИ қолданылған отандық өнімдердің қазақстандық шығу тегін дәлелдеу күрделі: СТ КЗ сертификаты тек тауарларға беріледі, қызметтерге қолданылмайды, оның өзі биыл жойылып жатыр.

Үшіншіден, көптеген елді мекенде, тіпті Астананың шеткері аудандарында жоғары жылдамдықты интернет жоқ. Төртіншіден, ақпараттық жүйелердің өзара интеграцияланбауы сапалы талдау жүргізуге кедергі келтіреді. Медицинада FDA мақұлдауын алу үшін жаһандық стандарттарға сәйкес клиникалық зерттеулер жүргізу қажет.

Салада маман тапшы. Бұл проблеманы шешу үшін биыл ЖИ мамандарын даярлау басталмақ: University Alliance of Science and Technology жоғары оқу орындарының альянсы әзірлеген «Жасанды интеллект» атты жаңа бакалавриатта білім беру бағдарламасы 3 жыл ішінде мамандайындауды қарастырады. Қазақстандық және халықаралық сарапшылар бірлесе әзірлеген бағдарлама Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру ұйымдарына арналған 2024 жылғы Жол картасына кірді. Тіісінше, 5 университет жаңа оқу жылында «Жасанды интеллект» бағдарламасы бойынша студенттерін қабылдауға кіріспек.

ЖИ саласының болашағы зор, демек, өз болашағының зор болуын қалаған ел де одан шет қалмауға тиіс.



Демалыс аймағы ЕЛ ИГІЛІГІНЕ берілді

Шымкент қаласындағы жергілікті тұрғындар «Көл» атап кеткен демалыс аймағы бірнеше жылдан бері қараусыз қалған болатын. Сенбі күні осы нысан ел игілігіне берілді. Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков жаңа алаңда болып, жергілікті тұрғындардың қуанышымен бөлісті.

Назгүл НАЗАРБЕК

Жылдар бойы қараусыз қалған аумақ заманауи талапқа сай абаттандырылып, халықтың серуен алаңына айналды. Қала әкімінің тапсырмасы аясында нысанда қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Көлдің түбі тазаланып, айналасы абаттандырылды. Көгалдандырылған аумаққа озық үлгідегі жарық жүйелері жүргізілді. Су қоймасы толтырылып, субұрқақтар іске қосылды. 950 шаршы метрге бетон төселіп, 350 шаршы метр гранит жаңаланған.

Сонымен бірге осы күні үшінші мегаполис басшысы тұрғындармен бірге заманауи талапқа сай абаттандырылған балалар теміржолы аумағын аралады. Мегаполис басшысының тапсырмасымен, қараусыз қалған аумақ жан-жақты зерделеніп, жаңа серуендеу аймағының тұжырымдамасы дайындалған болатын. Жоба бойынша халыққа қолайлы, серуенге ыңғайлы, қауіпсіз аймақ жасау қарастырылғанды. Сонымен қатар спорттық алаңшаларға да орындар қарастырылған.

Орталық стадионнан Дендро саябаққа дейінгі шамамен алты шақырымды құрайтын жолда жүгіру және велосипед жолдары, воркаут-алаңдары бар. Осы алты шақырымдық жол түгел асфальтталған. Алаңдағы уақытта азаматтардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету үшін мұнда бейнекамералар орнатылады, сондай-ақ турполиция тәулік бойы тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Келешекте нысанның тарихи келбеті сақталуы үшін стансаларға жаңартылған вагондар қойылды.

Сонымен қатар жол бойынан халықтың игілігі үшін кофе ішетін орындар ашылады.

Айта кетейік, нысан демеушілер есебінен жасалынып жатыр. Қалада бұған дейін үш нысан демеушілердің көмегімен халық игілігіне берілген болатын.

Бұл жұмыстар бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында атқарылды. Қала басшысы тұрғындармен кездесіп, демалыс аймағын таза ұстап, ұқыпты қарауға шақырды.

Шымкент қаласы

Апат айтып келмейді. Алайда кейінгі кездері ағын судың зардабын ауылдағы ағайынның көріп жатқаны ойландырмай қоймайды. Бір апта бұрын шулық шаруаның 400 бас қойын таудан аққан сел шайып кетсе, енді күні кеше Сарысу ауданы тұрғындары тізеден су кешіп, шырылдап қалды.

Саятхан САТЫЛҒАН

Әңгіменің әлқиссасын әріден бастасақ, биылғы жылдың 7 шілдесі күні сағат 17.20 шамасында қатты жауын салдарынан көлбеу ағын қалыптасып, 200-ден астам үйдің ауласын су басты. Сондай-ақ 21 үйдің ішін су алды. Осы күні облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің тапсырмасымен оның орынбасары Қанатбек Мәдібек, Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Арман Токанов және Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мұрат Саурыков шұғыл түрде Сарысу ауданына жетті. Бұл кезде аулаларды су шаюдан бөлек, бірнеше елді мекенде жарық та сөніп қалады. Міне, осындай қиын жағдайда ағын суды ауыздықтау үшін 50-ден астам маман, 17 бірлік техника, 11 мотопомпа жұмылдырылып, дрон әуеге ұшырылады. «Жаңатас – Саудакент» тасжолы су басу қаупіне байланысты жабылады. Саудакент елді мекенінде арнайы техникалардың көмегімен бұрылыстағы суды тоқтату әрі бағытын бұру жұмыстары қолға алынады.

8 шілде күні облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің өзі су алған аймаққа аттанып, ахуалды көзбен көрді. Бұл күні су алған аулалардың саны 400-ге жетіп, 47 үйдің ішін су шайып кеткен болатын. Жедел штаб отырысын өткізген өңір басшысы жауаптыларға мұндай жағдай қайталанбауы қажет екенін жүктеді.

ТАБИҒАТТЫҢ ТОСЫН МІНЕЗІНЕ НЕ ТҮРТКІ БОЛДЫ?

— Арнайы комиссия құрылып тұрғындарға, зардап шеккен нысандарға заң талаптарына сәйкес барлық қажетті көмек, қолдаулар көрсетіледі. Біз бұл қиындықты да бірге еңсереміз. Ең бастысы, мұндай жағдай қайталанбас үшін барлық алдын алу шарасын жасауымыз қажет, — деген Ербол Шырақпайұлы аталған жағдай жеке бақылауында болатынын баса айтты.

Бүгінде зардап шеккен тұрғын үшін қабылдау пункттері жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ халықты тасымалдауға арнайы көліктер қарастырылған.

Әрине, апаттың салдарымен жұмыла күрескен жөн. Алайда халықты қазір келтірілген шығынның қалай өтелетіні алаңдату. Осыған орай бүгінде материалдық шығынды зерделеу бойынша жұмысшы топ құрылып, есеп жүргізуде. Ал Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері күн-түн демей су сору жұмыстарын қолға алған. Бүгінге дейін 18 600 м³ су сорылса, жалпы 128 аула мен 47 үйдің іші судан тазартылған.

Жаңатас қаласындағы «Малозтажка» және «Дегерес» шағынаудандары жарыққа қосылып отыр. Ал Д.Қонаев орта мектебінде судан тазарту жұмыстарының жүргізілуіне байланысты жарық әлі берілмеген. Аталған мектепті су алғанын мамандар кейіннен анықтаған.

Қазір үшқышсыз ұшу аппаратының көмегімен су деңгейінің едәуір төмендегені белгілі болып отыр. Мамандар адам мен мал шығыны жоқ екенін айтады. Зардап шеккен тұрғындар үшін 105 орындық екі қабылдау пункті дайындыққа келтірілсе, оған

12 адам орналыстырылған. Тұрғындардың дені өз еркімен үйлеріне оралуда. «Жаңатас – Саудакент» тасжолы да жолаушыларға ашылды.

Десе де, төтенше жағдайды жоюға азаматтық қорғау қызметтерінен 282 адам, 64 техника, 35 мотопомпа және 1 үшқышсыз ұшу аппараты әлі оқиға орнында. Олардың мақсаты — төтенше жағдайдың қайталануын болдырмау.

Кеше облыс әкімі Сарысу ауданында тағы іссапармен болды. Аулаларды аралап көріп, бұқарамен тілдесті. Ал 150 ерікті жас «Таза Қазақстан» акциясы аясында су алған аймақтарды күл-қоқыстан тазартуға қол ұшын берді. Бұл — бас бармақпен бағалайтын бастама.

Негізі, «Арал теңізінің деңгейін көтеру үшін ғалымдар жасанды жанбыр жаудырып жатыр» деген әңгіме айтыла бастағаннан бері ағын су тағы қос бүйірден қыса бастағандай. Олай дейтініміз — атмосфераның қолдан өзгертілуі барлық өңірдің климатына әсер етіп жатқанына халық бек сенімді. Күні кеше Шу ауданында шаруаның 400 бас малын ағызып әкеткен селдің де туындауын көпшілік осы жасанды жанбырмен байланыстыруда. Сарысу ауданындағы аулаларды су шайғанда да бұқара осы жағдайды еске алды. Әрине, бұл тұста біз Аралдағы жағдаймен, Жамбылдағы ағын судың байланысы бар ма, жоқ па, оны нақты айта алмаймыз. Әйтеуір, «ел үшін жасалып жатыр» деген шараның сол елдің өзіне зияны тимесе болғаны.

Жамбыл облысы



«НМИ - АBB PP865 панельдерін ауыстыру» тауарларын сатып алу жөніндегі қайта ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 33/1 ғимарат, БСН 101140007569, «Union Z» ЖШС тендерлік өтінімі «НМИ - АBB PP865 панельдерін ауыстыру» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің жеңімпазы деп таниды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

Объявление об итогах повторного открытого тендера по закупке товаров «Замена НМИ - панелей АBB PP865»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем повторного открытого тендера по закупке товаров «Замена НМИ - панелей АBB PP865» - тендерную заявку ТОО «Union Z» - Республика Казахстан, 010000, город Астана, район Есиль, проспект Мангилик ел, здание 33/1, БИН 101140007569.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

«SAP сүйемелдеу» қызметін сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижесі туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС ««SAP сүйемелдеу» қызметін сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-01-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке услуги «Сопровождение SAP»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке услуги «Сопровождение SAP» - несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

ИППОТЕРАПИЯ

игілігі



Иппотерапия – халықтық медицинаның тиімді әдісі саналады. Бүгінде жылқыға мініп жаттығу арқылы емделу мүмкіндігін дәрігерлердің өздері де мойындай бастады. Емнің бұл түрі тірек-қимыл жүйесі, аутизм, церебралды салдану, сөйлеу және тіл дамуының бұзылысы мен Даун синдромы секілді балалар ауруына таптырмас дауа болатынын дәлелденген.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Негізінен, иппотерапия – грек тілінде «hippo» – «ат» деген мағынаға ие. Түпкі мағынасында «атқа мініп жүру арқылы емдеу» дегенді білдіреді. Бұл әдіс әлемдік деңгейде кеңінен қолданылады.

Медицина саласының мамандары бүгінгі таңда иппотерапия кешенді реабилитациялық көмектің құрамдас бөлігі екенін айтып жүр. Өйткені бұл тәсіл тірек-қимыл, жүйке жүйесі бұзылысы бар ем алушыларда әрдайым оң нәтижесін көрсетіп келеді. Әсіресе, баланың 12 мүшесін қозғап, қан айналымын жақсартады екен.

Сыр өңірінде де иппотерапия тәсілімен емдейтін арнайы орын жұмыс жасайды. Облыс орталығындағы «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» Қызылорда филиалында жылқыға мініп серуендеу арқылы көптеген балалардың бойынан оң өзгерістер байқала бастағаны жиі айтылады. Соған орай аталмыш орталықтың жай-күйіне қанықтық.

«Орталығымызда иппотерапияны жүргізудің өзіндік тәсілдері бар. Бұл тәсілдер ем алушы баланың негізгі патологиясына қарай таңдалады. Мысалы, қыздыру әдісі жылқының дене температурасы адам ағзасынан жоғары болған соң, атты терлетіп әкеліп баланы мінгізгенде, балада бұлшық ет спастикасын босатуға септігін тигізеді. Соңғы уақытта жиі кездесіп жатқан ЗППР (психосөйлеу дамуының кешігуі) бұзылысы бар балаларда, психомоторлы даму бұзылысы (еңбектеу, тұру, жүру, сөйлеу қалыпты жасынан кеш дамыған жағдай) және невроз тәрізді бұзылысы бар балалар атқа мінгенде бойынан оң өзгерістерді сезініп жүр. Соның әсерінен көңіл күйі көтеріліп, қызығушылығы да арта түседі. Ең бастысы, ат үстінде отырған баланың тепе-теңдігі жақсарып, өзіне деген сенімділігі артады», – деді бізге орталықтың бөлім меңгерушісі, дәрігер-невролог Амандық Әскербеков.

Негізінен, бұл орталық – Қазақстандағы медициналық оңалтуды, психологиялық-педагогикалық түзетуді және пациенттердің әлеуметтік бейімделуін қамтитын орын. Онда инновациялық технологияларды қолдана отырып, оңалтудың толыққанды интеграцияланған моделі қолданылады. Филиал 2013 жылы ашылған.

Филиалдың негізгі бағыты – 1-18 жас аралығындағы жүйке жүйесінің мүгедектікке шалдықтыратын дерт түріне душар болған балалармен жұмыс жасау. Бұл жерде баланы қоғамда



толыққанды өмір сүруге бейімдеуге бағытталған кешенді мамандандырылған, медициналық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік салада оңалту көмегі көрсетіледі.

Орталық жүйке жүйесі мен тірек-қимыл жүйесінде патологиясы бар балаларға және жасөспірімдерге оңалту көмегін көрсетуге арналған 60 төсек-орынмен жабдықталған. Оған жылына 900-ге жуық бала Қызылорда, Түркістан облысынан келіп ем алады екен.

Осы орталықтан кешенді ем алып, дертіне шипа тапқан жанның бірі – бес жастағы Ұлан Әділхан есімді балақай. Ұланның анасы Гүлназ Медетярованың айтуынша, церебральды сал ауруы, спастикалық диплегиясы бар баласы иппотерапиядан кейін өзін жеңіл сезіне бастағаны байқалыпты.

«Аттың үстінде ұлым өзін өте еркін ұстайды. Алғашқы күннен-

ақ бойынан жақсы нәтиже байқалды. Бұған дейін баланың екі аяғы сал болып, жүре алмайтын күйде келген едік. Осы емді қабылдағаннан бастап жағдайы жақсара түсті. Осы орайда МӘМС аясында тиісті емшарасы тегін жүргізілгенін айта кеткім келеді. Жалпы, иппотерапияның игілігін сезіндік», – деп қуанышымен бөлісті анасы.

Сол сияқты церебралды салдану, спастикалық диплегияның ауыр дәрежелі түріне шалдыққан 15 жастағы Рамазан Әбілштің де қазіргі жағдайы көңілге қуаныш сыйлайды. Рамазанның әжесі Күлайша Төлеуова немересіне иппотерапияның шарапаты тигенін айтып, алғысын білдірді.

МӘМС демекші, жыл басынан бері «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» филиалына емделушілерді қалпына келтіру мақсатында әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 77 млн теңгеден астам қаражат бөлінді.

«Жалпы, орталықта кешенді оңалту шарасы 3 бағыт бойынша жүргізіледі. Филиалда атқа мініп жүру арқылы емдеу шарасынан

бөлек, механотренажерлер, тірек-рама (вертикализатор), батут, «Атлант» костюмі, позиционерлермен жабдықталған ЕДШ (Емдік дене шынықтыру) залы жұмыс жасайды. Сондай-ақ компьютерлі технология негізінде жұмыс жасайтын МОТОмед тренажері де бар», – дейді Амандық Мирамбекұлы.

Мамандардың пікірінше, атпен баяу серуендеу адамдардың барлық дене мүшесіне әсер ететін көрінеді. Соның ішінде бұл әдіс тірек-қимыл жүйесінің дамуын арттырып, бұлшық еттерді босаңсытады екен. Сондай-ақ жылқыға міну адамның жүйке жүйесінің жұмысын жақсартуға мол септігін тигізеді.

Иппотерапияның игілігін көрген жандардың қай-қайсысы да орталықтың жұмысына оң бағасын беріп, ризашылықтарын білдіріп жатыр.

Қызылорда облысы

«ОРТЕКЕ»

жұйыштыларды
жынады

Қарағанды қаласында екінші мәрте «Ортеке» этнофестивалі өтті. Былтыр облыстық деңгейде өткен жарыс биылғы жылы республикамыздың барлық өңірін қамтыды. Республикалық этнофестивальдің ұйымдастырушылары – Қарағанды облысының Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы және облыстық Демалыс және халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығы.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Қытай мен Моңғолиядан, сондай-ақ Астана, Алматы, Қарағанды қалалары мен Ақмола, Алматы, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды облыстарынан және Ұлытау мен Жетісу облыстарынан келген өнерпаздар, барлығы он тоғыз қатысушы Қазақ драма театры сахнасында «Ортеке» этнофестивалінде өз шығармашылықтарын ұсынды.

Биылғы фестивальдің ерекшелігі қатысушылар тек осы байқау үшін жазылған авторлық күйлерін орындады.

– Болашақта біз «Ортеке» этнофестивалінің үздік күйлерінен жинақ жасағымыз келеді, – деп атап өтті қазылар алқасының төрағасы, халықаралық байқаулардың лауреаты, музыкант, Б.Сарыбаев атындағы музыкалық аспаптар мұражайының негізін қалаушы, қазақ халық аспаптарын жасау шебері Азамат Бакия.

Бас жүлдені Қытайдан келген Бағдар Жарқын жеңіп алды. Бірінші орынды қарағандылық Ерлан Сәду, екінші орынды Ақмола облысының қатысушысы Айжан Құрак, үшінші орынды Жетісу облысынан Жәнібек Мақатан қаңжығағалды.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ драма театрында фестивальдің басты іс-шарасы – сәндік-қолданбалы өнер көрмесі ұйымдастырылды, онда колөнершілер өз жұмыстарын ұсынды.

– Мен металды, ағашты, былғарыны және басқаларын өңдеймін. Қазақ колөнерінің барлық түрлерімен айналысамын. Бұқар жырау ауданының Сарытөбе орта мектебінде еңбек пәні мұғалімі болып жұмыс істеймін, сондай-ақ 20 жыл бойы «Жас шебер» жас шеберлер клубын басқарып келемін. Мен фестивальге екінші рет қатысып отырмын. Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына эмблема жасап, оны көрмеге ұсындым, – дейді Мәлік Жомарт.



Экспозицияның ерекшелігі Астанадан келген «Марс» робототехника орталығының мамандары дайындаған электронды ортеке болды.

– Бізге ортекенің электронды нұсқасын жасау туралы ұсыныс келіп түсті, содан кейін олар біздің командамен жұмыс істей бастады. Модель әлі де әзірленуде. Болашақта біз ортекені интерактивті тақта арқылы гаджеттерде ойнауға бейімдеуді жоспарлап отырмыз, – дейді «Марс» робототехника орталығының өкілі Марс Максот.

20 жастағы Есжан Мұратбек Моңғолиядан тәжірибе жинап, одан әрі ортекені өз отанында өнер түрі ретінде дамыту үшін келгенін айтады.

– Ортекемен соңғы екі-үш жылда айналысамын. Фестивальге «Көксерке» күйін алып келдім, – деп бөлісті Есжан Мұратбек.

Сондай-ақ фестиваль аясында ЮНЕСКО өкілдерінің қатысуымен материалдық емес мәдени мұра бойынша семинар өтті.

Қарағанды облысы



Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

16 ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫ
Әрине, тізімнің басын Еуропа чемпионатының жаңғырығы болған Ямин Ямалдан бастаймыз. Иә, ол 13 шілде күні 17 жасқа толады. Десе де, әңгіме еуродолаға келгендегі, қарсыластарын көргендегі кезеңді қамтиды. Негізі, Ямал жас шамасына қарай Германиядағы футбол турниріне емес, Париждегі Олимпиада ойындарына баруы керек еді. Мәселен, клубтасы Кубарси (17 жас) Францияға аттанды. Ал Ямин болса, аталған ірі турнирде Франция құрамасын үйге жіберді. Қызығы сол, «Барселона» клубы жанында ғана Пау Кубарси мен Ямин Ямалдың негізгі командада ресми түрде ауысканын жариялады. Бұған дейін олар «Барселона Б-да» доп теуіп, арасында бірінші командадағы ағаларына көмектесіп тұратын. Қалай көмектескенін күллі әлем көрді. Соның ішінде Испания құрамасының бас бапкері Луис де ла Фуэнте де бар. Ойыны қызыл фурия жетекшісіне ұнап, сеніммен аламанға қосты.

«Ла Масия» түлегі бапкерін жерге қаратқан жоқ. Қайта атағы аспандап, футбол әлемі мен әлеуметтік желінің жұлдызына айналды. Финалға дейін алты ойын өткізіп, бір гол соғып және үш нәтижелі пас берді. Осылайша, Еуропа чемпионатында гол соққан ең жас футболшыға айналды. Ол ол ма, ірі турнирлерде гол соққан ең жас ойыншы ретінде Пеленің рекордын жаңартты. Иә, Франция қақпасын қақырата алыс тоғыздықты дәл көздеген голын көргенде көз сүйсінеді. Тіпті, кейбірі мұны еуродоладағы ең үздік гол деп жатыр. Мына сәйкестікті қараңыз, Ямал тура осындай голды Испания жастары U-17 қатарында тағы сол Францияға салған екен. Таңғаларлығы — 16 жастағы ойыншының алаңда тым еркін, сенімді қимылы. Алаңды оқып қана қоймай, Испания сапындағы Карвахаль, Начо сияқты егде футболшылар сенім артар «әріптесі» атанып шыға келді. Бұрын 23-24 жастағы ойыншыны жас жұлдыз десек, енді Ямалдың жанында Беллингем (21), Шашко (21), Вирц (21), Кварацхелиа (23) тәрізді футболшылар анау айтқандай жас болмай қалды. Сонымен, үй тапсырмасын еуродолаға арқалап келген ойыншы трофей арқалап қайтуы бек мүмкін.

СЕН КІМСІН, ДАНИ ОЛЬМО?

Испания құрамасы жартылай финалда Германиямен ойнады. Ойынның 8 минутында Педри жарақат алған соң бапкер оның орнына алаңға Дани Ольмоны шығарды. Көпшілік «Педридің орнын басардай сен кімсің?» деді, білем. Өйткені Ольмоның Испания жастар құрамасымен бірге Еуро-2019 жеңіп, финалдың үздік ойыншысы атанғанын біреу білсе, біреу бейхабар. Оның үстіне, финалда Германияны қапы қалдырып, алаңда небір сойқанды



Еуроода ЖАРҚЫРАҒАН ЖҰЛДЫЗДАР

Биыл Германия-да өткен Еуропа чемпионатының жөні бөлек. Неге десеңіз, сіз бен біз бірінен-бірі өткен жас таланттармен таныстық. Байқасақ, жақында кейбірі «мекен-жайын» ауыстырып, топ-клуб сапында доп тебеді. Өйткені жазда турнир өтеді десе, скауттардың «аладорбасын» арқалап сонда жүретіні белгілі. Сол үшін дүбірлі дода аяғында бірнеше жас саңлақты жақыннан таныстыруды жөн санадық.

бастаған-ды. Одан бұрын аталған турнирде Франция, Германия сияқты құрамаларға гол соғып, өзін әр қырынан көрсетті. Ойыннан кейін қызыл фурия жейдесін кигеннен ләззат алатынын әрі бұл қатарда болу кез келгенге бұйыра бермейтін бақ екенін атап өткен. Тізімге ілігу қиын екенін, реті келсе ересектер қатарында да топ жарғысы келетінін айтқан. Ал сол тұстағы жастарды баптаған бапкер кім? Әрине, Луис де ла Фуэнте еді. Бұл бапкер үшін Дани Ольмо сияқты ойыншының орны бөлек. Айтқандай, Дани да «Ла Масия» түлегі. Бас бапкер Ольмоны қатардан қалдырмай, биыл да біріншілікке әкелді. Бірақ ол үшін турнир қосалқы құрамда басталды. Хорватия құрамасымен жарты сағат ойнаса, Италиямен кездесуде алаңға шыққан жоқ. Бапкер Албаниямен ойында екінші құрамды шығарған соң Ольмо алғашқы минуттан бастап өнер көрсеткені бар. Нәтижесінде, бір нәтижелі пас берді. Ал плейофф кезеңінде нағыз джокерге айналып шыға келді. Грузия құрамасына бір гол соқты, Германиямен ойында бір гол салып, бір нәтижелі пас берді. Жартылай финалда Франция қақпасына жеңіс голын соғып,

құраманы финалға шығарды. Үш ойын қатарынан үш гол соқты. Өзі «Лейпцигте» доп тебетін ойыншының болашағы түрленіп сала берді. Енді талантты футболшыға АПЛ клубтары, «Бавария» мен «Барселона» көз салып отыр. Келер маусым Ольмо үшін «Баварияға» сокқан хет-тригінен де жарқын болмақ.

фильмге сұранып тұрған сценарий. Отбасында екінші ұл дүниеге келген соң отбасы қаржыдан қиналып, әкесі Лондонға жұмыс іздеп кетеді. Осылайша, «Челси» клубының қатардағы күзетшісі болып жұмысқа тұрады. Екі ұлдың тәрбиесі, таңдауы мен талғамына жауапты анасы болады. Осынша бейнеттен соң қазір екі ұлы да футболшы, ал бірі Испания сапында доп қуып жүр. Қуып қана қоймай, нағыз таланттың бірі екенін дәлелдеп жүр. Жалпы, Испания жастары

жок. Әрі осы кездесудің үздік ойыншысы атанды. 19 жастағы «Реал Мадрид» ойыншысы еуродола тарихында бірнеше нәтижелі пас берген жас футболшылардың төрттігін түйіндеді. Нидерландпен өткен ширек финал кездесуінде де барын салып, құрамасы үшін тырысып бакты. Тек сәттілік жетіспеді. Өйткені тәжірибе дейін десен, Түркия құрамасында Хакан



компьютермен ойын ойнағандай топтасып, талант тас жаратынын көрсетті. Алдағы маусымда әрбірі бір-бір топ клубтың жұлдызы болары анық.

ТҮРКИЯНЫҢ ҚОС ҚЫРАНЫ

Германияда өткен Еуропа біріншілігінің үздік жанкүйері кім десе, ойланбастан түріктер деріңіз анық. Өйткені стадион жаңғырып, рухты маршруты неміс аспанында қалықтағаны бар. Әсіресе, ойыншылардың атын айтып ән салғаны тіптен бөлек. Ал осы жолы түріктердің аузынан түспеген бір ойыншы болса, ол — Арда Гүлер. Ол сөзсіз Түркияның осы додадағы анызына айналды. Ширек финалға дейін бес ойын өткізіп, бір гол және екі нәтижелі пас берді. Грузия құрамасына қарсы соққан голына таңдай қақпаса болмас. Шірене көтерген допты қайтаруға Мамардашвилидің шамасы жеткен

Чалханоглу, Самет Акайдың сияқты тіс қакқан ойыншысы жеткілікті. Жаңа буынның да осалы жоқ. Осы турнирде түріктің бірсыпыра талантты ойыншысы барын білдік. Мәселен, Арда Гүлер мен Кенан Жұлдыз бастаған жас буын құрамасын 16 жылдан соң ірі доданың ширек финалына алып шықты. Көзінде жалын, «кайтсем Түркияның туын жықпаймын» дейтін рух бірден сезіледі. Айтқандай, 19 жастағы Кенан Жұлдыз «Ювентуста» доп тебеді. Негізі, Баварияда дүниеге келген. Әке-шешесі Германияға қоныс аударған түріктер. Неміс жерінде туған соң Германия сапында да ойнауға болатын еді. Кенан Өзілдің жолымен жүрмей, тарихи отанын тандады. Нидерландпен өткен кездесуден соң ойыншылардың киіну бөлмесіне кірген Ердоған Арда Гүлер мен Кенан Жұлдыздың қолын қаттырақ қысып, әңгімеге тартады. Түркия президенті де рухты буын қалыптасып, байрақты бәсекеде абыроймен өнер көрсеткеніне риза болған болар...



ТАҒЫ БІР УИЛЬЯМС...

«Атлетик Бильбаода» доп тебетін Нико Уильямстің атын естігендер алғашқыда «тағы бір Уильямс келді» деген-ді. Өйткені ағасы Иньяки Уильямс аталған клубтың анызына айналған. Бірақ Никонның жөні бөлек, ол клубын жаңа деңгейге көтеріп, 40 жылдан кейін трофейге кол созуға мүмкіндік сыйлады. Ағасы армандаған қызыл фурия жейдесінде доп теуіп жүр. Оның алаңдағы асқан талантына біраз клуб қызығып отыр. 21 жастағы ойыншы Ямин Ямалмен қосылып, әдемі тандем құрып, қарсыластың айып алаңында қауіп төндіріп жүргені тағы бар. Грузиямен ойында Тайбурылдай ойнақтап, бір гол соғып, нәтижелі пас берді. Әр ойында негізгі құрамда алаңға шығып, шабуыл шебінде жүр. Кезінде әке-шешесі Ганадан Испанияға қоныс аударған мигрант болатын. Ал ата-анасының Испанияға жету жолы бір



AIQYN
апта

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Қаспйорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғас ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРATY БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4470
Астана қ. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС
Спаеі көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар —
Нұрлан ҚОСАЙ,
Наурызбек САРША